



15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ДАМУШЫ НАРЫҚТАРДЫҢ ВАЛЮТАСЫНА ҚЫСЫМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОРДАҒЫ КІРІСТІҢ ӨСУІ

Ұлттық Банк төрағасының орынбасары
Әлия МОЛДАБЕКОВАНЫҢ
негізгі тезистері



бәсеңдеуіне қарамастан, пандемиядан, шикізат пен азық-түлік тауарларының жоғары бағасынан туындаған сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігінен бір деңгейде болатын инфляция жоғары болып, қарқынын жалғастырды. АҚШ ТБИ индексі қыркүйекте 5,4% ж/ж (тамызда 5,3%) жетті, Еуроймақта көрсеткіш соңғы 13 жылда кезекті рекордты жаңартып, қазан айында 4,1%-ға дейін ұлғайды.

Мөлшерлемелердің өсуін күту күшейген сайын пайда болатын АҚШ қазынашылығының кірістілік қисығының қысқа мерзімді сегментінің өсуін атап өткен жөн. АҚШ-тың 5 жылдық

МБҚ кірістілігі 2020 жылғы ақпаннан бастап ең жоғары деңгей 1,18%-ға жетті, бұл 30 және 5 жылдық бағалы қағаздар арасындағы алшақтықты соңғы бір жарым жылдағы ең төменгі деңгейге дейін қысқартты.

Осылайша, АҚШ-тың ФРЖ мөлшерлемесінің күрт өсуін күтуде қазынашылық облигациялар кірістілігінің артуы, ҚХР мен АҚШ экономикасының баяулауы өткен айда дамушы нарықтардың валюталарына қысым көрсетті. ЕМ елдері валюталарының индексі қазан айында 0,8%-ға; Бразилия реалы 3,7%-ға, Оңтүстік Африка ранды 1,1%-ға, үнді рупиясы 0,9%-ға әлсіреді. Түрік лирасы инфляцияның жеделдеуіне қарамастан, АКС жеңілдеуі аясында 8,1%-ға әлсіреді.

Валюта нарығындағы теріс жағдайға қарамастан, қазанда әлемдік акциялар нарығы айтарлықтай ұлғайды: MSCI World Index жаһандық акциялар индексі 2021 жылғы III тоқсандағы компаниялардың есептілік кезеңінің қорытындысы бойынша рекордтық пайда нәтижесінде 5,6%-ға өсті.

Инвесторлар арасында басты инвесторға жататын Tina (there is no alternative) менталитеті мөлшерлемелердің өсуі мен өсіп келе жатқан ин-



фляциялық күтулер, сондай-ақ, еркін өтімділіктің едәуір көлемі қарсаңында облигациялар нарығындағы тұрақсыздық талаптарында дамыған елдер акцияларының өсуін жаңғыртуға ықпал етеді.

Мұнай нарығындағы жағдай мен қазан айында баға котировкасының өсуіне ықпал еткен факторлар

Қазанда мұнайдың әлемдік бағасы 84,38 АҚШ долларына дейін 7,5%-ға өсті. Табиғи газдың жетіспеушілігі мұнай өнімдеріне қосымша сұраныс тудырады. Талдаушылар табиғи газдан мұнайға ауысудың шикі мұнайға сұранысты күніне 250 мың баррельден 750 мың баррельге дейін арттыруы мүмкін екенін есептеп шығарды.

Альянс мүшелері жеткізілімдерді ұлғайтудан бас тартып, бұрын келісілген өндіру көрсеткішін тәулігіне 400 мың баррель деңгейінде сақтаған ОПЕК+ қазан отырысының нәтижелері мұнай нарығына қолдау көрсетті.

Энергетикалық дағдарыс аясында мұнайдың бағасы биылғы 25 қазанда ең жоғарғы белгі – 86,7 АҚШ долларына жетті, бұл 2018 жылғы қазаннан бастап ең жоғарғы мән болып отыр. Қазанның соңында мұнайға баға белгілеу мұнай қорларының ұлғаюы туралы хабарламалар аясында аздап түзетілді. Түзетуге Иранның әлемдік державалармен ядролық бағдарламаға қатысты келіссөздері де айтарлықтай әсер етті, олардың нәтижесі сәтті болғанда Иранға қарсы санкциялар мен мұнай экспортына тыйым салудың күші жойылуы мүмкін еді.

4 қарашада ОПЕК+ отырысы тәулігіне 400 мың баррельге ұлғайту бойынша бұрын келісілген жоспарлар өзгертілместен өтті. Алайда АҚШ Президенті бағаны тұрақтандыру үшін қара алтын өндіруді арттыруға үндеп еді, артынша мұнай нарығы қысымға ұшырады.

9 қарашада мұнай бағасын белгілеу ай басынан бері 1,2%-ға төмендеп, бір баррель үшін 83,3 АҚШ долларын құрады.

Қазіргі уақытта мұнай бағасы, бір жағынан, Сауд Арабиясының мұнайдың

босату бағасын көтеруі аясында, ал екінші жағынан, Президент Дж. Байден жанармай бағасын төмендету мақсатында АҚШ-тың стратегиялық мұнай резервін іске қосу туралы шешімінің болмауы тұрғысынан тұрақтанды.

Теңге бағамы шикізат нарығындағы оң динамикаға неліктен әсер ете алмады?

Мұнай бағасы теңге бағамы үшін негізгі макрофакторлардың бірі болып қала береді, өйткені ішкі нарықтағы шетел валютасын ұсыну көлемі мұнай бағасына байланысты. Алайда, бағамның қалыптасуына әсер ететін көптеген ішкі және сыртқы құрамдас бөліктер бар және бұл жағдай дамыған, сол сияқты дамып келе жатқан барлық нарықтардың валюталарына тән.

Біріншіден, экономикалық белсенділіктің қалпына келуі және фискалдык серпіннің аясында импорттың өсуі теңге бағамына тұрақты қысым көрсетіп отыр.

(Соңы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Айдар НҮРСЕЙТОВ, Түркістан облысы бойынша ҚАЖД бастығының міндетін атқарушы, әділет полковнигі:

«ТАПСЫРЫС ТАБЫСҚА ЖОЛ АШАДЫ»

– Түркістан облысы бойынша ҚАЖД мекемелерінде кәсіпкерлерге жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік бар ма? Қандай жұмыс орындарын ашуға кеңес берер едіңіз?

– Бүгінде облысымыздың қылмыстық-атқару мекемелерінде бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқандарды еңбекпен қамтамасыз ету мәселесі Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментінің міндеттерінің бірі болып табылады.



(Соңы 5-бетте)

ҚҰАТ КӨЗІНЕ ДЕГЕН ТАПШЫЛЫҚТЫ ЖОЮДЫҢ ЖОЛЫ БАР МА?

ОЙ ТАЛҚЫ

Елдос АБАКАНОВ, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Қазақстан 2060 жылға дейін көміртектік бейтараптылыққа көшуге байланысты доктринаны жасап жатыр. Ол Үкімет тарапынан жасалып, Президентпен бекітілетін болады. Осыған сәйкес алдағы 40 жылдың ішінде көмірден арылып, баламалы энергия мен жаңғырмалы энергияға көшу мақсаты бар. Бүгінгі күнде энергия тапшылығы бар деп айту қиын. Себебі, еліміздің жалпы энергобалансын қарайтын болсақ энергия жеткілікті. Бірақ осы шығарылып жатқан энергияның үлесінде көмірден алынатын энергия көлемі өте жоғары.

Қазір елімізде қайта жаңғыртылатын энергия 1600-ден астам КВт-қа жетті. Ол еліміздің жалпы энергобалансының 3 пайызын құрайды. Одан бөлек Үкімет тарапынан баламалы энергетиканы дамытуға қатысты мақсат та қойылып отыр.

Мемлекет басшысы биылғы жолдауында Қазақстанда 2030 жылға қарай электр қуатының тапшылығы пайда болады деп, Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қорына атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерттеуді тапсырған еді. Алайда, бірқатар өңірде электр қуатының тапшылығы қазірдің өзінде-ақ байқала бастады. Бұл тығырықтан шығар жол бар ма деген сауалды сарапшыларға қойып көрген едік.

міндеттемелерін кім, қалай орындап жатқанына қатысты құзырлы органдар тарапынан жасалатын бақылаудың бар-жоқтығынан хабарсызбыз. Мәселен, біз млн-даған теңге тұратын құнды балықтарды бассейнде өсіріп отырмыз. Алайда, бізге электр қуатын ұсынатын компания оны кез келген уақытта өшіріп, қалаған уақытында қосады.

Мейрамбек ПАЗЫЛБЕКОВ, «Halyk balyk» ЖШС директорының орынбасары:

– Үкімет жыл сайын электр энергиясын өндіру көлемі артып келе жатыр деп есеп бергенмен, барлық өңірде бірдей халық оның игілігін көре алмай отыр. Өндіру, тасымалдау, тарату және оны тұтынушыға жеткізуге дейінгі қызмет түрлерін көрсететін компаниялардың бәрі инфрақұрылымының тиісті деңгейде жаңартылмауынан белгілі бір деңгейде энергияның шығын болып отырғанын мойындайды. Алайда, тұтынушыға ұсынылатын тауар мен қызметтің сапасы үшін ешкім ешқандай жауапкершілікті мойнына алып отырған жоқ. Тіпті өз

(Соңы 3-бетте)

ДАМУШЫ НАРЫҚТАРДЫҢ ВАЛЮТАСЫНА ҚЫСЫМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОРДАҒЫ КІРІСТІҢ ӨСУІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан, мұнай нарығындағы ралли нәтижесінде экспорттаушылардың валюталық түсімінің өсуіне қарамастан, шетел валютасына сұраныстың байқалып отырған өсуі теңгенің нығаюына мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, тұтыну тауарлары импортының өсуіне байланысты төлем балансының ағымдағы шоты тапшылықта қалып отыр.

Бизнес пен халық тарапынан шетел валютасына сұраныстың өсуіне Ресей тауарлары импортының артуы айқын мысал бола алады. Мен соңғы берген сұхбатымда биылғы жылғы ІІ тоқсанның нәтижесі бойынша Ресейден әкелінетін импорт 4,2 млрд АҚШ долларына жетіп, 2020 жылғы ІІ тоқсанмен салыстырғанда 36,1%-ға ұлғайғанын, ал осы жылғы І тоқсанда осындай көрсеткіш 2,4% болғанын атап өткен едім. Осылайша, Ресейден әкелінетін тауарларға ішкі сұраныстың артуы теңгенің Ресей рубліне қатысты айырбастау бағамының әлсіреуіне алып келеді.

Биылғы жылғы қазанда теңгенің рубльге қатысты бағамы бір рубль үшін 5,85 теңгеден 6,05 теңгеге дейін немесе 3,4%-ға әлсіреді.

Екіншіден, еркін өзгермелі жағдайда жаһандық үрдістер теңгеге тікелей ықпал етуде. Саны бойынша жеңілдету бағдарламаларын қысқарту және 2022 жылы Fed мөлшерлемесінің артуы жөніндегі нарықтың күтулері аясында АҚШ долларының нығаюы инвесторлар арасында дамушы нарықтарға қатысты теріс сентимент туындатады.

Үшіншіден, осы жылы шикізат тауарлары бағасының өсуі мен шикізат экономикалары валюталарының серпіні арасындағы әлсіз байланыс жаһандық кеңістікте байқалды. Канада доллары, Норвегия кронасы, Ресей рублі жыл басынан бері мұнайдың екі мәнді өсуіне қарамастан, салыстырмалы түрде нығаймады. Кейбір талдаушылар бұл жағдайды АҚШ долларының жаһандық нығаюымен ғана емес, мұнай бағасының ұзақ мерзімді өсуінде сенімділіктің болмауымен де байланыстырады. Олардың пікірі бойынша, бұл байқалып

отырған энергетикалық дағдарыстың уақытша сипатына, сондай-ақ ОПЕК+ тарапынан өндіруді әлеуетті ұлғайтуға байланысты.

Соның салдарынан, мұнай бағасының өсуіне қарамастан, ұлттық валюта бір айда бір АҚШ доллары үшін 427,15 теңгеге дейін 0,3%-ға әлсіреді.

Ұлттық Банк валюталық интервенция өткізбеді. Бюджетке трансферттерді жүзеге асыру үшін 988 млн АҚШ доллары көлемінде Ұлттық қордың қаражатын конвертациялау бойынша операциялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері тарапынан 208 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі міндетті сатулар теңгеге қолдау көрсетті.

Сонымен қоса, базалық мөлшерлемені 9,75%-ға дейін өсіру теңгедегі борыштық құралдардың тартымдылығын сақтайды, оны бейрезиденттердің қазанда ҚР МБҚ-на 863 млрд-қа дейін (жылдың басынан бері өсім 433 млрд) салымдары көлемінің 75 млрд-қа өскенін растайды. Шетелдік инвесторлар тарапынан шетел валютасын қосымша ұсыну нарық өтімділігінің жақсаруына және сұраныстың ішінара қанағаттануына ықпал етеді. Қарашаның басынан бері мұнай бағасының төмендеуі аясында теңге бағамы 429,20 теңгеге дейін 0,5%-ға әлсіреді.

Қазан айындағы алтынвалютa резервтерінің динамикасы қандай?

Алтынвалютa резервтері биылғы жылғы қазанның соңында айдың басынан бастап 307 млн АҚШ долларына ұлғайып, 35,8 млрд АҚШ долларын құрады. Еркін конвертацияланатын валютадағы активтер негізінен ЕДБ корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың азаюы есебінен 854 млн АҚШ долларына төмендеді.

Алтынвалютa резервтері құрамындағы алтын портфелі қазанда бағалы металл бағасының өсуі және басым құқықты іске асыру шеңберінде алтын сатып алу есебінен 1,2 млрд АҚШ долларына өсті. Мәселен, қазанда алтынның бағасы инфляцияның өсуі бойынша алаңдаушылықтың аясында



бір унция үшін 1731 АҚШ долларынан 1796 АҚШ долларына дейін 3,8%-ға өсті, нәтижесінде бұл активтердің еркін конвертацияланатын валютадағы құнының төмендеуін өтеуге және резервтердің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Ұлттық қордағы валюталық активтердің көлеміне әсер еткен факторлар

Алдын ала деректерге сәйкес, Ұлттық қордың валюталық активтері өткен айда шамалы ғана өзгеріп, қазанның соңында 55,1 млрд АҚШ долларын құрады.

Кепілдік берілген және нысаналы трансферттерді бөлу үшін қазанда валюта нарығында 988 млн АҚШ доллары сомасына активтер сатылды, бұл 420 млрд теңгеге балама мөлшерді білдіреді. Бұл ретте, республикалық бюджеттің қажеттілігін қанағаттандыру үшін Ұлттық қордан шамамен 428 млрд теңге трансферттер бөлінді.

Бұл ретте қазанда қорға түскен түсімдер 103 млрд теңгені құрады, оның ішінде 163 млн АҚШ доллары шетел валютасында түсті.

Егер қыркүйекте біз нарықтардағы айтарлықтай түзетудің куәсі болсақ, қазанда акциялар нарығының қалпына келуі және оның одан әрі өсуі байқалды.

Нәтижесінде, қазанның қорытындысы бойынша Ұлттық қордың инвестициялық кірісі оң қалыптасты және негізінен акциялар мен алтынның тиісінше 5,69%-ға және 3,78%-ға өсуі есебінен 871 млн АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордың активтерін төңірімді аллокациялау есебінен инвестициялық кіріс жыл басынан бері қалпына келіп, 2 млрд АҚШ доллары немесе 3,44%-ды құрады. Қарашада нарықтардағы құбылмалылық сақталып, акциялардың өсуі жалғасуда. Осыған орай ағымдағы айдың басынан бастап Ұлттық қордың инвестициялық кірісі тағы да 470 млн АҚШ долларына өсті және жылдың басынан бастап 2,45 млрд АҚШ доллары немесе 4,3% болды.

Жақын болашақта сыртқы нарықтардағы жағдайдың даму келешегі мен олардың теңгеге ықтимал әсері қандай болмақ?

Қазіргі таңда қаржы нарықтары әлемнің жетекші орталық банктерінің монетарлық саясатындағы риторикада өзгерістерге барынша бейім. Осылайша, қаржы нарығының қатысушылары инфляциялық күтулердің неғұрлым жоғары болуын және негізгі мөлшерлемелердің барынша ерте жоғарылауын

көздейді. АҚШ-та, Канадада, Австралияда және Ұлыбританияда мөлшерлемелерді көтеру кезеңі 2022 жылы басталады деп күтілуде.

Дамыған елдердің инфляцияның өсуі болжамына жауап ретінде мөлшерлемелерді көтеру кезеңінің басталуы дамушы нарықтардан капиталдың әкетілу тәуекелін тудырады. Дамушы елдердің валюталары АҚШ долларының тоқтаусыз нығаюы және дамыған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары кірістілігінің өсуі аясында қысым көруде. Бұл ретте АҚШ ФРЖ монетарлық саясаты ЕМ активтерінің құнына барынша ықпал етуге бейім.

Кейбір талдаушылар да әлемдегі стагфляция тәуекеліне – инфляцияның өсуімен қатар келетін экономикалық құлдырауға алаңдаушылық танытуда. Инфляциялық күтулердің өсуі жағдайында монетарлық саясаттың күшеюі қарқынды іскерлік белсенділікті төмендетуі және соның салдарынан экономикалық өсу қарқынын төмендетуі мүмкін. Осыған байланысты реттеушілердің іс-әрекеті инфляциялық тәуекелдерді төмендетумен қатар, экономикалық өсудің баяулауына жол бермеуге де бағытталуға тиіс.

Мұнай бағасының неғұрлым тұрақты өсуі теңге үшін оң фактор болып табылады. Жыл соңына дейін мұнай бағасының серпіні бойынша оң болжамның сақталуына қарамастан, 2022 жылы мұнай нарығындағы тапшылықтың қысқаруы күтілуде. Оның үстіне, АҚШ Президентінің үндеуі қанағаттандырылған жағдайда ОПЕК+ өндірісінің ықтимал өсуіне, АҚШ пен Иранның ұстанымдарын одан әрі жақындастыруға және мұнай экспорты бойынша санкцияларды алып тастауға, эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына және басқа да факторларға байланысты мұнай бағасының құбылмалылығы сақталады.

Жалпы алғанда, мұнай бағасын өсірудің жалғасуы, сондай-ақ алдағы қарашадағы ірі салық төлемдері жуық арада теңгеге қолдау көрсетеді. Алайда, шетел валютасына тұрақты сұраныс пен сыртқы нарықтардағы құбылмалылық бұл әсерді теңестіруі мүмкін.

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТЫ

ҚР ҰБ Төлем балансы департаментінің директоры
Азат ӨСКЕНБАЕВТЫҢ түсіндірмесі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем балансының алдын ала бағалауын дайындады. Алдын ала бағалау бойынша, 2021 жылдың 9 айында ағымдағы шот (-)3,0 млрд АҚШ доллары тапшылығымен қалыптасты. Ағымдағы шот тапшылығының өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 40,9%-ға қысқаруы тауар балансы жағдайының жақсаруына байланысты. Тауар балансы профициті 15,1 млрд АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 76,8%-ға өсті. Бұл жақсару импорт ағындарының өсуі жағдайында экспорттың едәуір өсуіне байланысты.

Тауарлар экспорты 20,4%-ға 43,1 млрд АҚШ долларына дейін артты. Бұл өсім, біріншіден, әлемдік мұнай бағасының қалпына келуіне байланысты. Мұнай мен газ конденсатының экспорты, сандық жеткізілімдердің 9,2%-ға азаюына қарамастан, 19%-ға немесе 3,6 млрд АҚШ долларына артты. Алайда, ІІІ тоқсандағы мұнай бағасы өсуінің жалғасуы статистикада толыққанды ІV тоқсанда ғана көрініс табатындығын айта кету керек.

Экспорттың өсуіне қара және түсті металдар да айтарлықтай әсер етті. Жиынтық есеппен өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда металл экспорты 2,4 млрд АҚШ долларына артты.

Сонымен қатар, тауарлар импорты 2,7%-ға яғни, 28,0 млрд АҚШ долларына дейін өсті. Пандемияға дейінгі кезеңде импорттың негізгі драйверлері инвестициялық және аралық тауарлар болса, 2021 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша, олардың көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,9%-ға қысқарды.

Осылайша, жоғарыда аталып өткен импорттың өсуі тұтыну тауарлары импортының өсуімен түсіндіріледі, олар 2021 жылдың 9 айы бойынша



21,4%-ға немесе 1,5 млрд АҚШ долларына өсті. Тұтыну импортының көп бөлігін азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрайды, автомобильдер, телефондар, дәрі-дәрмек, киім-кешек сияқты тауарларды – шетелдік сатып алулар 25,9%-ға немесе 1,3 млрд АҚШ долларына өсті.

Шетелдік инвесторлардың кірісі 53,7%-ға артып, 15,7 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл шикізат тауарларына деген бағалардың өсуімен айқындалған төленетін дивидендтердің 53,2%-ға және қайта инвестицияланған кірістердің 2 еседен астам шамаға өсуімен түсіндіріледі.

Айта кетейік, 2021 жылдың 9 айы бойынша алдын ала қорытындылар Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес келеді.

ХАЛЫҚ ИНФЛЯЦИЯДАН НЕ КҮТЕДІ?

ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаменті директорының
орынбасары Денис ЧЕРНЯВСКИЙДІҢ түсіндірмесі

2021 жылдың қазан айында инфляциялық күтулердің сандық бағасы айтарлықтай өсті және 10,3% (қыркүйекте – 9%) құрады. Респонденттердің ең көп үлесі келесі 12 айда баға тез өседі деп күтеді – 33% (қыркүйекте – 26%), бұл халық арасында жүргізілген сауалнамалар тарихындағы ең жоғары мәнге айналды.

Инфляцияны қабылдау жоғары деңгейде сақталады. Қазан айында халық азық-түлік өнімдеріне, атап айтқанда, ет пен құс етіне, нан-тоқаш өнімдеріне, өсімдік майына, жеміс-жидек пен көкөніс өнімдеріне бағаның айтарлықтай өскенін атап өтті. ЖЖМ, ТКШ қызметтері, сондай-ақ, киім мен аяқ киімнің де қымбаттағаны байқалды.

Қазан айында тұтынушылық көңіл-күй өзгерген жоқ, елдің даму перспективаларын бағалау біршама жақсара түсті. Қазіргі және алдағы қаржылық жағдайды бағалау кезінде нашарлай түскені де байқалды. Осыған байланысты респонденттер азық-түлік сатып алуға келгенде үнемдеуге көшкен. Олардың басым көпшілігі (35%) ірі тауарларды сатып алу үшін қазіргі уақытты қолайсыз көреді, қазан айында бұл үлес аздап өсті.


Респонденттердің, оның ішінде тұтынушылық



мақсаттарға (шілдедегі 30%-дан қазан айында 33%-ға дейін) кредиті бар адамдардың саны артты, есесіне, үнемдеуші халықтың үлесі (қыркүйектегі 19%-дан қазанда 16%-ға дейін) төмендеді.

1-кесте

Инфляция және күтілетін инфляция өткен жылдың тиісті айына, %



ПАРЛАМЕНТ

Қазақстанның ішкі істер органдарында жаңалық көп. Биылғы жылдың соңында ел өмірі үшін күрделі де маңызды бұл саланы реформалаудың тағы бір кезеңі аяқталмақ. Оның аясында ұйымдық-штаттық оңтайландыру, еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, мамандар дайындау жүйесіне инновация енгізу, кадрларды іріктеу секілді бірқатар маңызды шаралар жүзеге асыпты. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде Үкімет сағатын өткізген Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев мәлімдеді. Оның айтуынша соңғы үш жылдың ішінде 106 артық басқару буыны және 1 483 басшылық лауазым жойылды.

Жол-патрульдік полициясы Патрульдік полиция болып қайта құрылды. Оңтайландыру есебінен үнемделген және бюджеттен қосымша бөлінген 20 млрд теңгеге 2019 жылғы 1 шілдеден бастап патрульдік полиция қызметкерлерінің, тергеу бөлімшелерінің, учаскелік инспекторлардың, көмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар мен оқытушылардың, полиция мен қылмыстық-атқару жүйесінің қалған қызметкерлерінің жалқысы өсті.

Лауазымдарды ішкі қайта бөлу есебінен қосымша 277 бірлік учаскелік полиция инспекторлары және 130 бірлік олардың көмекшілері енгізілді. Қызметтің тартымдылығын арттыру мақсатында жыл басынан бастап учаскелік көмекшілердің жалақысы 30 пайызға артты. Келесі жылдан бастап учаскелік инспекторлардың жалақысы 30 пайызға, олардың көмекшілерінің жалақысы 70 пайызға өседі.Сонымен қатар, учаскелік инспекторларға 2019 жылдың шілдесінен бастап тұрғын үйді жалға алғаны үшін өтемақы төленіп жатыр. Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл тізімге олардың көмекшілері де енгізілді. Реформа күштік құрылым қызметкерлерінің жоғары біліміне де әсер етті. Жүргізілген бағалаудан кейін тек алты үздік оқу орнын қалдыру туралы шешім қабылданды. Осы реформа аясында жас перспективалы қызметкерлерді, оның ішінде басқа мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес сектордың қызметкерлерін қызмет бойынша ілгерілетуге ықпал ететін жаңа біліктілік талаптары да бекітілді.

Маңызды қадамдардың бірі полиция жұмысына сервистік тәсілдерді енгізу арқылы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді тетігінің жасалуы. Полицияның халыққа үрей ұялататын жазалаушы органнан – елмен бірігіп, азаматтарымызға қамқор болатын мекемеге айналуын көздейтін бұл институтта басты рөлді учаскелік инспекторлар атқарады. Сондықтан құқық бұзушылықтардың қай түрін болсын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар енгізу өкілеттіктерін кеңейту арқылы учаскелік полиция қызметкерінің мәртебесін арттыруға бағытталған заңнамалық түзетулер қабылданды. Бұдан басқа учаскелік полиция инспекторының көмекшісі мәртебесі заңнамалық түрде бекітілді. Бұл полицияның сервистік жұмысы қағидатын іске асыруда учаскелік инспекторлар қызметінің толыққанды институтын құруға мүмкіндік берді.

Полицияның қоғамдық орындарда тұрақты болуын көздейтін «Жұртқа жақын полиция» қағидаты іске асырылуда. Оның аясында дамыған елдердің тәжірибесі негізінде қалалардың ең криминогендік учаскелерінде тәулік бойы жұмыс істеу және азаматтарды қабылдау үшін стационарлық полиция бекеттері орнатылмақ. Құқықтық тәртіпті барынша қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау жүйелері кеңейтілуде. Полицейлердің күнделікті қызметі де цифрландырылып жатыр. Бұл мемлекеттік қызметтерді алу кезінде азаматтардың мемлекеттік органдардың жұмыс режиміне тәуелді болмай, кез

келген ыңғайлы уақытта қажет қызметке жүгінуіне мүмкіндік беруде. Бүгінде 40 қызметтің 38-і автоматтандырылған.

Тұтастай алғанда, атқарылып жатқан шаруалар аз емес, олардың нәтижесі де белгілі деңгейде көңіл толтырады. Бірақ біраз жылдар бойы шешімін таппай келе жатқан мәселелер де баршылық. Оларды сұрақ қойған да, сөз алған да депутаттар тартынбай, ортаға салуға тырысты.

Осы ретте жиын тізгінін ұстаған Мәжіліс төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева назар аудартқан мәселелердің өзектілігі айқын аңғарылды. Соның бірі полиция қатарындағы сыбайлас жемқорлықтың азаймай тұрғандығы. Соңғы 3 жылда ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қатысты 649 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркеліпті.Бұл қылмыстардың басым көпшілігі пара алу және қызмет бабын асыра пайдалану әрекеттері. Осы қылмыстарды жасағаны үшін 714 адам жауапкершілікке тартылды. Негізінен, сыбайлас жемқорлық әкімшілік полиция және қылмыстық-атқару жүйесі комитеттерінің қызметкерлері арасында белең алып отыр екен.

Кесебаева ханым көтерген тағы бір мәселе – қызметкерлердің, әсіресе жедел-тергеу бөлімшелері қызметкерлерінің біліктілігіне қатысты болды. Балайым Туғанбайқызының айтуынша, олардың арасында кәсіби дайындығы сын көтермейтіндер баршылық. Осының салдарынан тергеу органдарына шағымдар жыл санап артып келеді. Статистикалық мәліметтер кейінгі 6 жылда сотқа дейінгі іс жүргізу аясында 2197 азаматтың негізсіз ұсталғанын айтады. Прокуратура органдары заңсыз жедел-іздістіру шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерінің 9887 фактісін анықтапты. Терген-тексеру мерзімдерін үзу және істі тоқтату туралы 129 635 шешімнің күші жойылған. Бұл фактілер тек кадрлардың біліксіздігінің ғана сал-

дары емес, олардың принципсіздігінің де көрінісі.

Депутат Ғани Ташқараев полиция санын оңтайландырудың учаскелік полиция кадрларының жетіспеушілігін жоймағаны, жалақыны көтеру және тұрғын үй мәселелерін шешу мақсатында қабылданып жатқан шаралардың әлі де жеткіліксіз екені жайлы сөз сабақтады. Ол бұл ретте офицердің 174 мың теңгені құрайтын жалақысын лайықты деп бағалау қиын екендігін айта келіп, полицейдің білімді, қайырымды және абыройлы болуын талап етумен қатар, оған міндетіне сай жағдай жасау қажеттігін еске салды. Сонымен қатар қылмыстық-атқару жүйесі үшін азаптау және кемсітушіліктің тоқтамай отырғанына, сотталғандардың Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің атына келіп түскен өтініштері мен шағымдарының басым бөлігі олардың құқықтарының сақталмауы, медициналық қызметтердің тиісінше көрсетілмеуі жайлы екенін ортаға салды. Полиция қызметкерінің абыройына нұқсан келтіретін бейнежазбалар жылдам тарап, вирусты бейнежазбаға айналып, бүкіл құқық қорғау жүйесінің беделіне зиян келтіріп жатқанын да ортаға салып, қызметкерлерді кез-келген оның ішінде қауіпті және қырғиқабақ ортада өзара іс-қимыл жасау дағдыларына үнемі үйретудің маңыздылығын атап көрсетті.

Депутат Ерлан Смайлов серпінді жобалар мен полицияның сервистік үлгісін әкімшілік полиция мен жергілікті полиция қызметі аясында шектеліп қалмау қажеттігі жайлы әңгіме қозғалды. Оның айтуынша, бұл реформаны Тергеу департаменті мен Криминалды полицияға да жүргізу керек. Өйткені, оларға қатысты шағым өте көп. Тек 2020 жылдың өзінде тергеу органдарының үстінде 6799 арыз түсіпті. Жалпы, 2015 жыл мен 2020 жыл аралығында прокурорлар жедел іздістіру шараларының заңсыз жүргізілген 10 мың фактісін

анықтаған. Смайловтың сөзіне сүйенсек жалпы ішкі істер органдарын реформалау өзара байланысты екі элементтен тұру керек. Біріншісі, жергілікті атқару органдары, мемлекеттік органдар және қоғаммен байланысқа негізделген полиция. Екіншісі, Ішкі істер министрлігінің өз ішіндегі тиімділікке бағытталған басқару, жоспарлау, бақылау, қызметкерлерді ынталандыру, электронды қызмет көрсету жүйесін өзгерту.

Жиында сөз алған тағы бір депутат Берік Дүйсенбинов полициялардың азаматтарды заңсыз қылмыстық іске тартқаны, заңсыз әрекеті не әрекетсіздігі үшін қаржылық жауапкершілігін анықтап, белгілеу қажеттігін мәлімдеді. Бұл ретте Берік Сәлімжанұлы заңсыз сотталған азаматтарымыздың дүниемүлкінен, абыройынан, ең бастысы, бас бостандығынан айырылатынына, соңғы толық емес екі жылда қылмыстық істер бойынша 200 ақтау үкімдері шығып, осы жылдың тек он айында 178 заңды тұлғаға бюджеттен жарты млрд теңге өтелгеніне назар аудартты. Оның айтуынша, бұл – заңсыз қудалаудан «сынбай», сотқа шағым бергендер ғана. Олар ақталып шыққан соң сот та, прокурор да, тергеуші де ешқандай жазаға тартылмаған. Ішкі істер органының қызметкері жіберген қателіктері үшін мемлекет өз қалтасынан төлей берсе, олар заңсыздықты ары қарай жалғастырмасына кім кепіл?! Сондықтан құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жіберген қателіктері үшін бюджеттен қаржы өндіруді тоқтатып, қайта регрестік принциппен бюджетке қаржыны кінәлілерден қайтару керек.

Токетерін айтқанда, жиында осы секілді біраз маңызды мәселе көтерілді. Халық қалаулылары тарапынан оларды шешудің құқықтық негізін жасауға да бейілдік танылды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

Халықаралық энергетикалық агенттіктің 2014 жылғы соңғы жан басына шаққанда электр энергиясын тұтыну рейтингінде Қазақстан 5600 кВт көрсеткішпен 141 елдің ішінен 36-орын алған болатын. Рейтинге Исландия (53 832), Норвегия (23 000), Бахрейн (19 592), Канада (15546), Катар (15309) сияқты елдерден айтарлықтай артта тұрғанымызбен, Ресейден (6603) өзге көршілерімізден жағдайымыздың төуір екендігін көңілге жұбаныш ететінбіз.


Қуат көздерінің қоры жағынан әлемде ең алдыңғы қатарда тұрғанымызды малданып, энергия тапшылығы бізде 2030 жылы байкала бастайды деп арқаны кеңге салып жайбарақақ жүрген Үкіметке биылғы қыс үлкен сынақ болғалы отыр. Өңірлерді былай қойғанда, республикалық маңызы бар ең ірі 3 қаланың бірі саналатын Шымкенттің өзінде күндізгі уақытта кейбір ықшам аудандарда жарық сөндіру бастады. Климаты жылы оңтүстікте қарашаның басында ахуал осылай боп тұрғанда, қысы қатал әрі ұзақтау орталық, шығыс және солтүстік облыстардағы жағдай алдағы уақытта қалай болатынын көзге елестету қиын.

Мемлекет басшысы да биылғы жолдауында: «Мен бір маңызды мәселеге арнайы тоқталғым келеді. Дүниежүзі өнеркәсіп пен экономиканы экологиялық тазартуға бет бұрды. Қазір бұл – әншейін сөз емес, салық, баж және техникалық

ҮНЕМДЕГЕН – ҮЗІЛМЕС

реттеу шаралары сияқты нақты шешімдер. Біз одан тыс қала алмаймыз. Мұндай шешімдер экспорт, инвестиция және технология трансферті арқылы елімізге тікелей әсер етеді. Шын мәнінде, бұл – Қазақстанның орнықты дамуы мәселесі. Сондықтан мен 2060 жылға қарай көміртегінен арылу міндетін жүктеп отырмын. Бұл бағытта өте байыппен жұмыс істеу керек. Кең-байтақ еліміздің тұрғындар саны да, экономикасы да өсіп келеді. Өсім сапалы болу үшін қуат көздері қажет. Көмір дәуірі біртіндеп келмеске кетіп бара жатқан заманда жаңғыртылатын энергияға қоса, біз сенімді базалық қуат көздерін ойластыруға тиіспіз» деген Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қорына бір жылдың ішінде Қазақстанда қауіпсіз әрі экологиялық таза атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерттеуді жүктеген еді.

Бірқатар мамандар елдегі энергия тапшылығының басты себебін қуат көздерінің тиімсіз пайдалануымен байланыстырып отыр. Олардың есептеуінше электр және жылу электр станцияларында өндірілетін қуат көздерінің тұтынушыға жеткенге дейінгі шығыны әлі күнге дейін 20-50 пайызға жетіп жығылады. Бұл салаға тартылған инвестициялар тиімсіз жұмсалып, инвесторлардың өз міндеттемелерін орындауы үзексіз органдар тарапынан қатаң бақыланбайды. Коммуналдық кәсіпорындардың көбі инфрақұрылымды



жаңғыртуға жеткілікті деңгейде қаржы бөлмегендіктен, электр желілері мен жылу құбырларының алмастырылуы өте баяу немесе сапасыз жүргізілуде. Олар өндірісті техникалық және технологиялық тұрғыдан жаңғыртуға ғалымдармен, ғылыми-зерттеу институттарымен әріптестік байланысты тиісті деңгейде жүргізе алмағандықтан, инвестициялық жобалардың бәрін тарифтік мөлшерлемені ұлғайту немесе мемлекет тарапынан жасалатын жеңілдіктер мен түрлі қолдау шаралары арқылы жүргізуге тырысады. Соның нәтижесінде субсидиялық көмексіз шаруасын жүргізе алмай, бүкіл жүкті жергілікті әкімдіктердің мұнына асып қойып, жеңілдін асты, ауырдың үстімен жүруге ғана дағдыланып қалған кейбір өңірлердегі коммуналдық кәсіпорындардың пайдасынан шығыны көп. Әлі күнге дейін қыстан

қақ ортасында ескірген құбыры жарылған кезде апталап жылусыз қалатын көп қабатты тұрғын үйлер мәселесі жылда қайталанып келе жатыр. Ал одан сабақ алып, апатты жағдайды болдырмау үшін алдын ала әрекет жасап, қызметімен жұрттың ықыласына бөленген компания мен кәсіпорындар саны ілуде біреу ғана. Оны құзырлы мемлекеттік органдарға тұрғындар тарапынан түсіп жататын арыз-шағымдардың азаймай отырғанынан да байқауға болады. Мәселен, еліміздің ұлттық күнтізбесіндегі кәсіби мерекелер тізімінде 11 қараша энергия үнемдеу күні деп белгіленген. Алайда жыл сайын энергия үнемдеудегі көрсеткішін кім қаншалықты жақсартып жатқанын ешкім еш жерде жариялап, алдағы жылға қандай міндеттеме қабылдап жатқанын еш жерден оқып та, көріп те, естіп те жүрген жоқпыз.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне қарағанда, елімізде 2014–2020 жылдары өндірілген электр энергиясының жалпы көлемінде жаңғыртылған энергия көздерінің үлесі 8,4-тен 11 пайызға ғана өскен. Оның ішінде 35 кВт сағат және одан жоғары, ірі су электр станцияларының үлесі 0,3-тен 2,8 пайыз аралығында болды. Яғни, республикада жылу мен электр қуатының 89 пайызы әлі де көмір, газ және мұнай өнімдерінен алынады. Елбасы Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде: «Біз тәуелсіздік жылдары мұнай өндіруді 3 еседен астам арттырдық. Бүгінде көмір саласы ел электр энергиясының 78 пайызын қамтамасыз етеді» деген еді. Арада он жыл өтсе де бұл ахуал айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Қазіргі қарқынмен алдағы онжылдықта та бұл мәселе өзінің өзектілігін жоя қоюы екіталай боп тұр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚУАТ КӨЗІНЕ ДЕГЕН ТАПШЫЛЫҚТЫ ЖООУДЫҢ ЖОЛЫ БАР МА?



ОЙ ТАЛҚЫ
(Солы. Басы І-бетте)

Елдос АБАКАНОВ, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Оның ішінде сутектен алынатын энергия бар, термоядролық энергия және тағы басқалары бар. Үнемділік туралы айтатын болсақ 2018 жылғы мәлімет бойынша ТМД елдерінің ішінде Қазақстан 4-орында тұр. 2008 жылмен салыстырғанда ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы 33 пайызға төмендеген. Қателеспесем, 2011 жылдан елімізде энерготімділікті арттыруға байланысты арнайы заң жобасы қабылданған. Соған қатысты көптеген ірі кәсіпорындар энергоаудитін жасап, энергоменеджментті енгізіп жатыр. Соның нәтижесінде экономикадағы энергосыйымдылық төмендеуде.

Тағы бір мәселе, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласы 30 пайыз энергия мен 40 пайыз жылу энергиясын тұтынып отыр екен. Соған байланысты көптеген кәсіпорындар мемлекеттік энергетикалық реестрге кіріп отыр. Оны үкімет бақылап, жыл сайын есептемелерін алуда. Оған қарағанда энерго және су ресурстарының төмендегенін көріп отырмыз. Сол себепті энергия үнемдеуді дамытуды, жасыл технологияларды енгізуді жалғастыру керек. Қазір Парламентте энерготімділікке қатысты заң жобасына өзгерістер енгізіліп жатыр. Соған сәйкес, мемлекеттік сатып алуда энерготімді технологияларды қолдануға қатысты мониторинг жүргізіліп, энерготімді технологиялар тізімі бекітілетін болады.

Мейрамбек ПАЗЫЛБЕКОВ, «Halyk balyk» ЖШС директорының орынбасары:

– Барлық құрылғыларымыз электр қуатына тәуелді болғандықтан, ардайым шығынға ұшыраймыз. Жеркөлемі жағынан да, табиғи және қазба байлықтарының көлемі жағынан да әлемдегі көшбасшы елдердің бірі саналатын Қазақстанның әлі күнге дейін электр қуатының тапшылығын жоя алмай келе жатқаны ақылға сыймайды ғой. ҚР Президенті биылғы жолдауында «бізде 2030 жылға қарай электр қуатының тапшылығы пайда болады» дегенді естіген кезде өзгелер секілді біз де таңғалдық. Тапшылық бұған дейін де бізде болды ғой. Яғни, алдағы уақытта да жалғасуы мүмкін. Бұл үшін АЭС салудан бұрын, энергияны үнемдеу жағына көбірек көңіл бөлгеніміз жөн сияқты. Әйтпесе, АЭС салғаннан кейін сұраныс-тан артық өнімді не істейміз деген мәселе туындауы мүмкін. Тіпті, оны көршілерге сата алмайтын болсақ немесе өндіріс жарым-жартылай ғана жұмыс істейтін болса, оның бізге қандай тиімділігі болады дегенді де ұмытпаған жөн шығар.



Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ СУДЬЯНЫҢ ЕРЕКШЕ ПІКІРІ

Заң үстемдігін қамтамасыз етудің алғашқы қадамы ретінде азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету мақсатында бес сатылы сот жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот жүйесіне көшу іске асырылды.

Республика бойынша апелляциялық саты сотында шешіммен аяқталған азаматтық істер соттың алқалы құрамымен қаралады. Сондықтан ҚР Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК-нің) 36-бабына сай істерді соттың алқалы құрамы қараған және шешкен кезде барлық судьялар тең құқықтарды пайдаланады. Осыған орай, істі соттың алқалы құрамы қараған және шешкен кезде туындайтын барлық мәселелерді судьялар көпшілік дауыспен шешеді. Әрбір мәселені шешкен кезде судьялардың ешқайсысы дауыс беруден қалыс қалуға құқылы емес. Сонымен қатар, төрағалық етуші ұсыныстар енгізеді, өз пікірін айтады және соңғы болып дауыс береді.

Көпшіліктің шешімімен келіспеген судья осы шешімге қол қоюға міндетті және өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде баяндай алады, ол мөр басылып жабылған конвертке іске қоса тіркеледі. Кассациялық сатыдағы сот осы істі қарау кезінде ерекше пікірмен танысуға құқылы. Судьяның ерекше пікірінің бар екендігі туралы іске қатысатын адамдарға хабарланбайды, ерекше пікір сот отырысы залында жария етілмейді. Азаматтық процестік заңнамада ерекше пікірге қатысты қысқа ғана осы қағидаттар көрсетілген.

Жалпы, азаматтық процестік заңнаманың тәртібімен ерекше пікір білдіру саны көп деп те айтуға келмейді. Өздеріңіз байқағандай, азаматтық сот ісін жүргізу барысында судьяның ерекше пікірімен тек кассациялық сатыдағы сот істі қарау кезінде таныса алады. Тіпті, іс кассациялық алқаға жетпесе ерекше пікір білдірген судьяның жазбасы оқылмауы да мүмкін. Бірақ кейбір жағдайларда өз пікірінді, өз ұстанымынды айтқын келеді.

Мен де осы АПК-нің 36-бабымен көзделген құқығымды пайдаланып, бір азаматтық істі алқада қарау барысында ерекше пікір білдіргенмін. Бұл ерекше пікірді жазу екі есе қиынға соқты, себебі, іс бойынша мен төрағалық еттім және істің баяндамашысы да өзім болдым. Екі жағымда отырған екі судьяның пікірі бірдей болғандықтан, көпшілік дауыс жеңіп, маған ерекше пікір білдіруге тура келді. Алайда, апелляциялық саты сотының қаулысын дайындау барысында өзіме-

өзім қайшы келгендей сезімде болып жаздым. Себебі, өзім жазған қаулыға өзім ерекше пікір білдірдім.

Алдымен ерекше пікірді жазып, конвертке салып қойдым. Сосын қаулыға кірістім. Жазып біткен соң алқа мүшелерінен, қосымша қосатындары бар-жоғын сұрадым.

Олар да осыны күтіп отырғандай, кеңесу барысында айтылған пікірлерін қаулыға қосып жазуымды өтінді. Көріп отырғаныңыздай, осы істі қарау барысында алқа мүшелері түгелімен белсенділік танытып, істің мәңжайы заңдылық және адамилық жағынан егжей-тегжейлі таразыланды деп айта аламын.

Жалпы, судья ретінде өз пікіріңізді білдіру алқалы топ мүшелерімен келіспеу ғана емес, басқаша ойлайтыныңызды білдіреді. Қабылданған шешіммен толық келіспеуге болады немесе бір бөлігімен ғана келіспейтіні туралы жазуға болады. Әрине, келіспеудің жөні осы деп «бүйректен сирақ шығаруға» да болмайды, себебі сіздің де қателесуіңіз мүмкін. Кімнің тұжырымы дұрыстығын, айтылғандардың бағасын кассациялық саты соты береді. Ең негізгісі, кеңесу бөлмесінде айтылған жәйттер жасырын қалуға тиіс, қай судья не деп айтты, қайсысының ұстанымы қандай, бұл ешкім білуі тиіс емес конфиденциалды ақпаратқа жатады.

АПК бойынша ерекше пікір жазудың міндетті реквизиттері қарастырылмаған. Сондықтан құжаттың атауы, кім жазғаны, негізгі келіспеушілігі, неліктен осындай шешімге келуі туралы еркін түрде жазу жеткілікті. Басқа судьялардың пікірін көрсету қажетсіз, себебі бұл кеңесу кезіндегі құпиялықты бұзуға әкеп соғады.

Таразы табағының тең тұруы үшін таразы – түзу, таразышы адал болуы шарт. Түптің түбінде әр істің шешімі біреу ғана болады. Оратылған жіптің күрмеуін шешкендей, істің заңды, әділ шешілуіне ерекше пікірдің де үлесі бар деп ойлаймын.



Шолпан МАЛИКОВА,
Қызылорда облыстық сотының судьясы

МАҢҒЫСТАУДА СЕКСУАЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ ҚЫЛМЫС АРТҚАН



Маңғыстау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы Мұнайлы аудандық сотымен бірігіп «Сотқа дейінгі тергеу сатысында азаматтардың құқықтарын сақтау және заңдылығын қамтамасыз етудің өзекті мәселелері. Қылмыстық істерде медиация нормаларын қолдану тәжірибесі» тақырыбында семинар өткізді.

Шараға Маңғыстау облыстық соты төрағасының м.а. Ержан Қарабаев, аудандық соттардың төрағалары мен судьялары, Маңғыстау көлік прокуроры Бауыржан Бердібеков, Мұнайлы ауданының прокуроры Ануар Борашев, Түпқараған, Қаракия аудандық құқық қорғау органдарының өкілдері мен адвокаттар және әкімдер қатысты.

Ержан Қарабаев Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енуі мен әкімшілік соттардың жұмысына кірісуіне қатысты жаңашылдыққа тоқталды. Сонымен қатар, өңірде саны артып отырған қылмыс категорияларын талдады.

Айта кету керек, бүгінде Маң-

ғыстау облысында 16 жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді жасау қылмысы күрт өскен. Сол сияқты алаяқтық, пара беру секілді қылмыстар саны артқан. Керісінше адам өлтіру, ұрлық, тонау, бұзақылық, билік өкілін қорлау секілді қылмыстар біршама азайған. Қатысушылар аталған қылмыстарды азайту туралы пікір алмасты.

Семинарда Түпқараған аудандық сотының төрағасы Едіге Бегенов «Сотқа дейінгі тергеу сатысында азаматтардың құқықтарын сақтау және заңдылығын қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбында, Қаракия аудандық

сотының төрағасы Серікқали Бердібеков «Қылмыстық істерде медиация нормаларын қолдану тәжірибелері», Мұнайлы аудандық соты төрағасының м.а. Берік Утеев «Сотқа дейінгі тергеу-тексерудегі заң нормаларының сақталуы. Мұнайлы ауданындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың ахуалы» тақырыптарында баяндама жасады.

Сонымен бірге, прокурорлар мен құқық қорғау органы өкілдері ауылды жерлерде қылмыстың орын алуына тікелей әсер ететін факторларды, азаматтардың жеке бас бостандығына, жеке өміріне қол сұғушылықтың конституциялық нормалары мен заң талаптарын дұрыс қолданудың маңыздылығын атап көрсетті. Қатысушылар қоғамға қауіпті қылмыстарды азайту бойынша өз пікірін ортаға салды.

Іс-шара соңында сотқа дейінгі тергеу сатысындағы заңдылықтардың сақталуы, қамтамасыз етілу мәселелері бойынша сұрақтар қойылды. Бүгінгі күннің өзекті мәселелері талқыланған жиын аудандық сотта жалғасты.

Төраға міндетін атқарушы Ержан Қарабаев судьялармен және сот ұжымымен кездесіп, сот төрелігін атқару сапасымен танысты. Істердің мерзімінде әрі сапалы қаралуы, пилоттық жобаларды іске асыруда озық практикаларды қолдану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сондай-ақ, ішкі еңбек тәртібі мен әдебі жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Гайһар НҰРХАНОВА,
Маңғыстау облыстық сотының баспасөз хатшысы

Биыл ата-бабаларымыз аңсаған қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. 30 жыл өліміз үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір десек те болады. Ал тіл – тәуелсіздіктің тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Тіл мен егемендік егіз ұғым.

ТІЛ мен ЕГЕМЕНДІК ЕГІЗ ҰҒЫМ

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында сот жүйесінде көптеген жұмыстар атқарылуда. Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында көрсетілгендей Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

1997 жылы жаңа редакциядағы Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданғанға дейін Қазақ КСР-інің Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 11-бабында: Қазақ КСР-інде қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ немесе орыс тілінде немесе сол аймақтағы көпшілік тұратын тілде жүргізіледі – деп көрсетілген болатын. Яғни, қазақ тілінің қылмыстық сот ісін жүргізудегі негізгі тіл ретінде танылуы тәуелсіздік жемісі.

Алайда, тәжірибиеге сүйенетін болсақ, соттағы мемлекеттік тілде қаралған істердің үлесі аз. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа ауданының №2 сотына 2019 жылы барлығы 855 қылмыстық іс түссе, оның тек 127-сі мемлекеттік тілде қаралған. Ал 2020 жылы сотқа түскен 876 қылмыстық істің тек 93-і мемлекеттік тілде аяқталған. Биыл түскен 694 қылмыстық істің тек 91-і мемлекеттік тілде. Қазақ тілін таңдамағандардың көбі қазақтар.

Азаматтық істерді қарайтын соттарға келетін болсақ Азаматтық процестік кодекстің 14-бабының талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сот істі сот талқылауына дайындау сатысында талап қоюшының талап арыз берілген тілді жеткілікті дәрежеде білетіндігін, сот ісін жүргізудің мәні мен мағынасын түсінетіндігін анықтауға тиіс. Сот талап қоюшыдан тиісті жазбаша өтінішхат түскен жағдайда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді ұйғарым шығарады. Тараптардың тең құқықтылығы қағидатын ескере отырып, сот осы мәселе бойынша жауапкердің де пікірін анықтауға міндетті.

Ал, қылмыстық істер бойынша сот өндірісінің тілін таңдау тәртібі өзгеше. Сотқа дейінгі тергеу-тексеру кезінде қылмыстық процесті жүргізетін орган (лауазымды тұлға) күдіктіге (айыпталушыға) оның сот ісін жүргізу тіліне қатысты құқықтары мен міндеттерін түсіндіре отырып, тандайды. Көп жағдайда сотқа дейінгі, тергеу-тексеруді жүргізетін орган алғашқы тексеріс құжаттары орыс тілінде жиналғанына сілтеме жасай отырып, сот өндірісінің тілін мемлекеттік тілден орыс тіліне ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

Сонымен қатар, оқиға болған жерге шығатын жедел-тергеу топтары заңға сәйкес кез келген іс бойынша сот өндірісінің тілі ауыстырылғанға дейін, сот өн-



Ибрагим ӘЛКЕНОВ,
Сарыарқа ауданы
№2 сотының судьясы

дірісінің тілі – мемлекеттік тіл екеніне қарамастан тергеу әрекеттерінің хаттамалары өзге тілде толтырылады. Күдікті тұлға анықталғанға дейін қылмыстық істегі барлық құжаттар өзге тілде жиналғандықтан, сотқа дейінгі тергеу-тексеру органына өзін бағынышты сезінетін күдікті тұлға амалдың жоғынан сот өндірісінің тілі ретінде өзі жетік білмейтін тілді таңдауға мәжбүр болады.

Қоғамда қазақ тіліне байланысты талап болмайынша, бұл мәселеде түбегейлі өзгеріс күту қиын. Сондықтан, сотқа дейінгі тергеу-тексеруді бақылаушы орган – прокуратура тарапынан тіл мәселесі бақылауда болуы тиіс. Тергеу-тексеру органы тарапынан қылмыстық істер бойынша сот өндірісінің тілі қағидалары бұзылған жағдайда соттар міндетті түрде жеке қаулы шығару арқылы шара қолдануы тиіс.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Ендеше, ана тіліміздің жұлдызын тек тұрмыста емес, кәсібімізде де биіктету баршамызға міндет.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

БЕРЕШЕГІ БАРЛАР ШЕКАРАДАН ШЫҒАРЫЛМАЙДЫ



Ерланбек СЕРДАЛИЕВ,
Алматы облысының жеке
сот орындаушысы

Борышкерлердің елден шығуына қатысты құқықтарын уақытша шектеу – пәрменді шаралардың бірі. Бұл шара сот актілерін орындамағандардың, берешегін дер кезінде төлемегендердің жауаптылығын арттыру мақсатында қолданылады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай шекарадан шығуға тыйымның салынуы көптеген азаматтарды берешегін жедел төлеуге итермелейді. Әрине, дәл шетелге баратын кезде, іс-сапардың алдында шекарадан шыға алмайтыныды білу көңіл-күйді түсіретін, жоспарды бұзатын жағдай.

Алайда, мұндай пәрменді тетіктер болмаса, сот актілерін дер кезінде орындау

қиын. Әрбір сот актісінің артында адам тағдыры тұр. Сот шешімі орындалмай орта жолда қалса азаматтардың сот билігіне, мемлекеттік билікке деген теріс көзқарасы қалыптасады.

Мұндай келеңсіздікпен бетпе-бет келмес үшін азаматтар сот шешімін аяқсыз қалдырмай, берешегін уақытында қайтаруы тиіс. Айыппұлдарын, баж алымдарын, алиментті, коммуналдық қызметтерді немесе қарыздарын кешіктірмей төлегендер шетелге еркін сапарлай алады. Сондықтан алдағы күнге жоспар құрғанда өз аты-жөніңіздің борышкерлер тізімінде бар-жоқтығын анықтап алғаныңыз абзал. Егер тізімде болған жағдайда берешекті бірден жабуға күш салған дұрыс. Содан кейін қарыздың жабылғанын көрсетіп атқару өндірісі жүктелген жеке сот орындаушысын хабарлар ету керек. Борышкер қарызын жапқан кезде жеке сот орындаушысы уақытша шектеуді жою туралы қаулы немесе атқарушы өндірісті тоқтату туралы қаулы шығарып, борышкерді тізімнен алып тастау бойынша жұмыс жүргізеді.

Бүгінгідей зайырлы қоғамда сот шешімдерін орындау, өзіне жүктелген мін-

деттемеден жалтару – жат қылық. Құқықтық мемлекетте заң баршаға ортақ, сондықтан кез келген азамат заңмен жүктелген талаптарды орындауға міндетті. Қазір жеке сот орындаушылар қызметіне сын айтатындар аз емес. Олардың басым бөлігі жеке сот орындаушылар жиі мазамызды алады, жағдайымызға қарамайды деп жазады. Ал жеке сот орындаушылар тек сот шешімдерін орындаушы. Олар сот қандай шешім шығарса, сонда көрсетілген талаптарды іске асыруға құқылы. Мәселен, қазір балаларына тиесілі алиментті өндіріп беруді сұрап хабарласатын аналар өте көп. Шарасыз аналар ақшаны бөтен біреуден емес, балалардың туған әкесінен сұрап отыр. Ал табысын жасырған азаматтар әкелік парызын орындаудың орнына табысын жасырып, шетелде демалуды оң көреді. Осындайда балалардың нәпакасын өндіру үшін қатал шараларды қолдануға тура келеді. Ең бастысы, қарыз арқаламауға тырысыңыз. «Қарыз қатынас бұзады» дейді балаларымыз. Жакындарыңызбен, балаларыңызбен арадағы қатынасты бұзғыңыз келмесе, берешекті кешіктірмей беріңіз.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы орайда, түзеу мекемесінде сотталғандарды жұмыспен қамту, қосымша жұмыс орындарын ашып кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында жыл басында Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаменті, облыстық кәсіпкерлер палатасы және «Еңбек-Шымкент» филиалы үшжақты өзара ынтымақтас-тық туралы меморандумға қол қойды. Бүгінгі күні осы шараның толыққанды орындалуы менің басты назарымда.

Әрине, ИЧ-167/9 түзеу мекемесінде кәсіпкерлерге жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік жасалған. Мекеме тарапынан кәсіп ашып, сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз етеміз деген кәсіпкерлердің жұмыс жасауына жағдай жасалған. Түрмеде кәсіппен айналысқан сотталғандар арасында жазасын өтеп шыққаннан кейін, өздерінің үйренген ісін кәсіпке айналдырып, отбасын асырап жүргендер де аз емес. Мекеме есебінде жаза мерзімін өтеушілерді ақылы жұмыспен қамтудағы Қылмыстық-атқару жүйесінің басты жұмыстарын үйлестіру ИЧ-167/9 мекемесінің басты назарына алынған. Аталған мекеме әкімшілігінің ең басты міндеті – сотталғандарды ақылы жұмыспен қамту. Сотталғандардың жасына, еңбекке жарамдылығына, арнайы машықтарына және жұмыс тәжірибесіне қарай лайықты жұмыстарға орналастырылады. Бұл үшін мекеме аумағындағы №8 колледжде өзінің қабілетіне сай белгілі бір мамандыққа диплом алып шығуы қажет. Қазіргі таңда, түзеу мекемесінде жазасын өтеп жүрген сотталғандар аяқталмаған орта білім мен колледжде білім алуға ниет білдірушілердің саны жыл санап артып келеді. Әрине, бұл қуантарлық жайт. Мұнда тігінші, ағаш және темір ұстасы, электр және газбен дөнекерлеуші мамандықтары бар. Қазіргі таңда, түзеу мекемесінде – 479 сотталған жаза мерзімін өтеуде. Оның ішінде 1-ші, 2-топтағы мүгедектер саны – 9, 3-топтағы мүгедектер – 5, зейнеткерлік жастағы жұмысқа жарамсыз сотталғандар – 22. Ал 24-і колледжде білім алып жүр. Жалпы, жұмысқа жарамдылары – 433, былтыр – 351 адам жұмыспен қамтылған болатын. Ақылы жұмыспен қамтылғаны – 221. Өткен жылымен салыстырғанда 53-ке өсіп отыр. Бүгінгі таңда ИЧ-167/9 мекемесінде алты кәсіпкер 128 сотталғандарды жұмыспен қамтып отыр. Онда азаматтардың бірі ағаштан ыдыс-аяқтар мен аспаптарды жасаса, енді бірі темір есіктер, кереуеттер, шарбақтар жасаудың шебері, сондай-ақ, жылыжайда көкөністерді баптап өсіруге қызығатындар да бар.

Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен келісімшарт түзіп ағаштан қолөнер бұйымдарын шығаратын 5 жеке кәсіпкер жұмыс жасайды. Атап айтқанда, «Мәдина» ЖК – 34 адам, «Мырзатаева» ЖК – 10 адам «Гаухарбекова» ЖК – 28 адам, «Абитова» ЖК – 27, «Суфибеков» ЖК-де – 12 сотталған ағаш бұйымдарын жасаумен айналысады. Ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар мен аспаптарға тапсырыс саны артып келеді. Сонымен қатар, ИЧ-167/9 түзеу мекемесінде кірпіш және шлакоблок өндірісті зауыт жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ, осы түзеу мекемесінде мақта өсіріледі. Жеке кәсіпкерлердің тапсырысы бойынша өндірілген бұйымдар мен шикізаттар сыртқа жолданып отырады. Алдағы уақытта мекеме аумағынан пластиктен (есік, терезе және т.б.) түрлі заттар шығаратын цех ашу жоспарда бар.

Ал, енді біздің түзеу мекемесінде өзінің кәсібін ашқысы келетін кәсіпкерлерге айтарым, халық көп тұтынатын кәсіпті ашқан жөн. Мысалы, еліміздің қарапайым халқы қазіргі таңда өзге мемлекеттен келген киімдерді киюде. Арнайы маман иелері киімінің өзін Қытайдан ала-



Айдар НҮРСЕЙІТОВ, Түркістан облысы бойынша ҚАЖД бастығының міндетін атқарушы, әділет полковнигі:

«ТАПСЫРЫС ТАБЫСҚА ЖОЛ АШАДЫ»

мыз. Неге біз осындай киімдерді өзіміздің елімізде шығармасқа?

– **Түркістан өңірінде бизнес, кәсіпкерлік құрылымдары жетерлік. Солардың қайсысымен тығыз байланыстарыңыз бар?**

– Иә, Түркістан облысында бизнес, кәсіпкерлік құрылымдары жетерлік. Біз жыл сайын облыс көлемінде әкімдік тарапынан өткізілетін көрмелерге қатысып тұрамыз. Онда біз сотталғандардың өз қолдарымен жасалған түрлі бұйымдар мен өнімдерін ұсынамыз. Осы көрме арқылы кәсіпкерлерге түзеу мекемелеріндегі өндірістің мүмкіндіктерімен таныстырып, өндірілетін тауарларға қосымша тапсырыс аламыз. Тапсырыс табысқа жол ашады.

«Келешек-Н», «ASIA BREND» және тағы да басқа жеке кәсіпкерлермен тығыз байланыстамыз. Бұл кәсіпкерлер бүгінгі таңда түзеу мекемесінде ашылған жұмыс орындарына, олардың шығаратын өнімдеріне қызығушылық танытып, тиімді жақтарын ескере келе, колонияларда кәсіпкерлік орындарын ашуға ниет білдіріп отыр

– **Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарына өздеріне тән емес қызмет түрлеріне тиесілі министрліктерге беру жөнінде тапсырма берген еді. Осыған байланысты өзіңіз басқарып отырған департаментте қандай жұмыс жүзеге асты?**

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Оған сәйкес ПМ-нің тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды медициналық қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер толығымен Денсаулық сақтау министрлігіне беріледі. Әрине, бұл жаңалықты естігенде барлығымыз қуандық. Себебі, негізгі түркілік мәселенің бірі – медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі болатын. Бұл ретте ҚАЖ мекемелерінің медицина қызметкерлерінің жалақысы денсаулық сақтаудың азаматтық секторындағы медицина қызметкерлерінің жалақысымен

салыстырғанда әлдеқайда төмен екені жасырын емес. Сондай-ақ, азаматтық денсаулық сақтау саласында айтарлықтай материалдық-техникалық база және практикалық тәжірибесі мол білікті медицина мамандары бар. Бұл шара бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарды дәрігерлік көмекпен қамтамасыз етуді халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда Түркістан облысындағы ИЧ-167/9 мекемесіндегі медицина бөліміне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Денсаулық сақтау министрлігіне беру бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды.

– **Жазасын өтеп жүргендер арасында қандай тәрбиелік-тәлімдік жұмыстар жүргізіледі? Оның нәтижесін сотталғандар қалай бағалап отыр?**

– Біздің департаментте қауіпсіздігі теріс сипатталатын сотталғандармен тәрбиелік-құқықтық жұмыстар қарқынды түрде жүргізілуде.

Бүгінгі таңда Түркістан облысында бір ғана ИЧ-167/9 қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесі бар. Бұл мекемеде қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес, имандылыққа, әлеуметтік-құқықтық, еңбекке, дене шынықтыруға тәрбиелеу және өзге де тәрбие түрлері жүзеге асырылуда. Сотталғандармен тәрбие жұмысы түзеу мекемесінің түрі, жаса мерзімі, ұстау жағдайлары ескеріле отырып, сараланып ұйымдастырылады. Ол психологиялық-педагогикалық әдістер қолданыла отырып, жеке, топтық және көпшілік нысандарда жүзеге асырылады. Тәрбиелеу процесінің бір бағыты мекеменің психологымен сотталғандар арасында әртүрлі тренингтер өткізу болып табылады. Осы тұрғыда тәрбиелеу жұмысында неғұрлым тиімді нәтижелерге қол жеткізу, сотталғанның жеке басын, оның дамуын, жұмысқа қабілеттілігін бағалау, айналасындағы адамдармен және отбасымен қарым-қатынасты жалғастыру мақсатында, психолог-мамандары сотталғандар арасында әртүрлі тренингтер ұйымдастыруда. Сонымен қатар, сотталғандар арасында теріс жолға түсіп кетпеуі үшін түрлі

түсіндірме жұмыстар жүргізіледі. Тағы бір айта кетер жайт, спорттық, мәдени және қоғамдық шаралар да сотталғандарды тәрбиелеуге негіз болады. Сотталғандардың заңмен немесе сотпен белгіленген міндеттердің орындалуларын бақылау арқылы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, оларды түзелу жолына түсіру, қайта қылмыс жасаудың алдын алу, шартты түрде сотталғандардың жалпыға ортақ әлеуметтік, моральдік және құқықтық нормаларын сақтау болып табылады. Шартты түрде сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің негізгі бағыттарының білім алуына, кәсіп түрлерін игеруіне, жұмысқа орналасуына, емделуіне және құқықтық кеңестермен қамтамасыз етілуіне, жағдайы төмен және көпбалалы отбасылардың қажеттілігіне қарай көмек көрсету де тәрбиелік-тәлімдік жұмыстардың бірі. Себебі, қылмыс жасап, өзін қоғамға қажетсіз сезініп, алдағы өмірінен үміт үзгендер аз емес. Біз олардың қалыпты өмірге бейімделуіне барынша мүмкіндік жасап, қолимыздан келгенше тәрбиелеудеміз.

ашылған №8 колледжде білім алып, алған мамандығы бойынша жұмыс жасап үйреніп, өзінің үйренген кәсібін бостандыққа шыққаннан кейін де дөңгелетіп отбасын асырап, табыс тауып жүрген жиырма азамат бар. Олардың бірі, ағаштан әртүрлі ыдыс-аяқтар мен аспаптарды тапсырыс арқылы жасаса, енді бірі темір есіктер, гүл салғыш, кереуеттер жасауда. Тағы бірі наубайхана ашып ыстық нан пісіріп ауыл тұрғындарының ықыласына бөленуде. Сондай-ақ, бостандыққа шыққан азаматтардың арасында мал шаруашылығымен айналысып жатқандар да бар. Тауық өсіріп, оны күн көріс көзіне айналдырып жүргендер де кездеседі. Осы түзеу мекемесінде түзіліп шыққан азаматтың бірін мысалға алар болсақ, Кентау қалалық пробация қызметінің есебінде тұратын Әлішер Мүсілімов есімді азамат. Өзінің бала кезден армандаған балық шаруашылығын нөлден бастады. Ескі Иқан ауылының маңында орналасқан тоғанның суы 1990 жылдары тартылып, қамыс өсіп, балдырлар жиналып қараусыз қалған болатын. Ауыл әкімдігінің шешімімен бұл жерге

коқыс төгуге рұқсат берілген. Отыз бір жылдан бері коқыс орнына айналған тоғанды тазалап, арнайы техникалық құралдармен қазып, ол жерден шыққан құм-тастарды ауыл көшелеріне төсеп, жолдарын жөндеп, ауыл тұрғындарының көшеде жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасады. Осылайша ол өзінің туған ауылының дамуына үлесін қосты. Ол алты жарым гектар жерден 3 тоған қазып, оны суға толтырған. Аталған тоғаннан ауылдың үштен бір бөлігінің бау-бақшасы сумен қамтамасыз етіліп отыр. Атап айтар болсақ, ауыл әкімдігі, мектептер, училище және тұрғындар осы тоғанның суын пайдалануда. Әлішер көктемде екі тонна сазан балығын ауға жіберді. Алдағы уақытта Шардара ауданына барып кәсіпкерлік курсын оқып бес тонна шабақ алып келуді жоспарлап отыр. Міне, осындай өзінің кәсібін дөңгелетіп отбасын асырап отырған азаматтар өзге сотталушыларға үлгі болары анық.

– **Қылмыстық-атқару жүйесінде қазіргі сәтте шешімін күтіп тұрған, өзінің толғандырып жүрген қандай мәселелер бар?**

– Баршамызға белгілі Елбасымыздың 2018 жылғы Жарлығымен Түркістан облыс орталығы болып құрылған болатын. Міне сол уақыттан бері ҚАЖ департаментінің қызметкерлері Түркістан қаласында оқушыларға арналған «Мектеп интернатында» қызмет аткарып келеді. Әрине, оқушыларға арналған интернатта қызметкерлердің жүйелі түрде жұмыс жасауына жағдай жасалмаған. Түркістан облысы әкімдігі тарапынан ҚАЖ департаментінің ғимаратына 1,11 гектар жер телімі және тергеу изоляторы мен қамаққа алу үйін салу үшін 13 гектар жер қаладан бөлініп берілген болатын. Өкінішке орай бұл құрылысты жүргізу жоспары 2022–2024 жылдың еншісіде қалып отыр. Бүгінгі таңда мені толғандырып, шешімін күтіп тұрған ең басты мәселенің бірі осы. Алдағы уақытта көкейде жүреген сұрақтың шешімі табылып, біздің департаменттің қызметкерлері жаңа ғимаратқа көшеді деген сенімдемін.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ЦИФРЛАНДЫРУ – СОТ ТӨРЕЛІГІНДЕГІ АШЫҚТЫҚТЫ АРТТЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты биялы жолдауында қастерлі құндылығымыз Тәуелсіздік туралы толғанысын жеткізді. Иә, салмақты әрі нық реформалардың жүзеге асуы негізінде 30 жылдың ішінде еңсесі тік, іргесі бекіген тәуелсіз елге айнала білдік. Мемлекет басшысы «Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы», – деген еді. Шын мәнінде, осынау аумалы-төкпелі заманда тәуелсіз ел үшін бейбіт өмір мен тыныштықтан артық құндылық жоқ дерсің. Сонымен қатар, маңызды құжатта еліміздің сот төрелігіне қатысты қадау-қадау мәселелер көтеріліп, нақты тапсырмалар берілді. Атап айтсақ, құқық қорғау жүйесінде елеулі өзгерістер басталғанын тілге тиек ете отырып, қылмыспен күресудің практикалық

мәселелерін назардан тыс қалдырмау керектігін атап өтті. Жолдауда балаларға, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарсы жұмыстық қылмыстардың алдын алу және оның жолын кесу ерекше бақылауда болуға тиістігін, азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырды. Одан бөлек, қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру екеніне тоқталып, елімізде IT технологиялар саласы бойынша жүзеге асуы тиіс жұмыстарды екшеп көрсетті. Дамыған заманның ағысына сай қай саланы болмасын цифрландыру азаматтарға ыңғайлылық тудырып, үнемділікке жол ашатындығы сөзсіз. Осы орайда, еліміздің сот төрелігін цифрландыру бағытында да үздіксіз жұмыстар жүргізіліп, санаулы уақыт ішінде оң нәтижеге қол жеткізе білдік.

Сандық технологиялардың негізінде сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығы артты. Әсіресе, цифрлы технологияның жетістігі, мол мүмкіндікке ие екені карантин кезінде анық байқалды десек артық айтқандық емес. Қауіпті індеттің қауіптілігіне қарамастан, IT сервисі қолдану арқылы сот төрелігі жұмысын іркілтеп, сапалы атқара білдік. Тіпті, сот отырыстарын қашықтан өткізу жедел

қолға алынып, нәтижесінде күніне мыңдаған онлайн сот процестерін өткізуге қол жеткіздік. Жалпы, сот процестерін онлайн форматта өткізуде «Zoom», «TrueConf», «WhatsApp» желілері кеңінен пайдаланылуда. Бүгінде «Сот кабинеті» арқылы кез келген тұлға сотқа келмей-ақ өзіне ыңғайлы уақытта үйінде немесе кеңсеге отырып-ақ, онлайн талап арызын бере алады. Сонымен қатар, талап-арыздар, сотқа келіп жатқан істер де 100 пайыз автоматты түрде қабылданып, «Төрелік» ақпараттық жүйесіне енгізілуде. Дерек көздеріне сүйенсек, қазіргі кезде «Сот кабинеті» пайдаланушылар саны 620 мыңнан асса, сервисте 7 миллионнан астам сот актісі қолжетімді екен. Сондай-ақ, сот отырыстары өтетін 7500 залға мониторинг жүргізіледі.

Қорыта айтсақ, цифрлы технологиялар сот қызметінің сапасын жақсартып, халықтың сот төрелігіне деген қолжетімділігін арттырды. Бірақ, жұмыс мұнымен тоқтамақ емес. Сондықтан, жолдау жүктеген тапсырмаларды жүйелі жүзеге асыру баршамызға ортақ іс болмақ.

Гүлфайрус ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

МЕДИАЦИЯ

ТАТУЛАСУ РӘСІМІ
КЕҢІНЕН НАСИХАТТАЛУ КЕРЕК

Барлық заңдар еліміздің Конституциясынан бастау алады. ҚР Конституциясының 1-бабында Қазақстанның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Конституциямен баянды етілген адамның құқықтары мен бостандықтарын толық қамтамасыз ету үшін еліміздің заңнамалары үнемі жетілдіріліп келеді. Соның ішінде даулар бойынша, тиімді және әділ шешімге азаматтардың қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін дауды шешудің әртүрлі баламалы жолдары сот саласында да үнемі басты назарда. Бұның дәлелі «Медияция туралы» заң.

«Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ҚР кодексінің 64-бабы «Әкімшілік жауаптылықтан тараптардың татуласуына байланысты босату» деп аталады. Бұл бапқа сәйкес ӘҚБтК-нің 73, 73-1, 73-2, 73-3, 79 (бірінші бөлігінде), 146, 185, 186, 220, 229 (екінші бөлігінде) -баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалады және ол әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғамен татуласқаннан кейін тоқтатылуға жатады.

Егер осы кодекстің 10-тарауы жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы айтса, яғни 73,73-1 немесе 73-2-баптарда көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен, оның ішінде медияция тәртібімен татуласса және келтірген зиянын жуып-шайса, сот оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Татуласу жәбірленуші мен әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлға қол қойған жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта ӘҚБтК-нің 64-бабы 1-1 бөлігі толықтырылып, егер осы кодекстің 73, 73-1,73-2, 73-3-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен, оның ішінде медияция тәртібімен татуласса және келтірген зиянын жуып-шайса, сот оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Жала жабу әрекеті жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтар қатарына енгізілгендіктен, тараптар медиация тәртібімен татуласқан жағдайда тұлға



әкімшілік жауаптылықтан босатылуға жатады. Бұдан «Медияция туралы» ҚР заңының да қолдану ауқымы кеңейгенін көруге болады.

Бұрын азаматтық және қылмыстық құқықтар бойынша белсенді қолданылып отырған медияцияның әкімшілік заңнамаға келгенде тапжылмастан тұрып қалғаны көңіл қынжылатын.

Енді заң өзгертіліп соттарға отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғу әрекеттері бойынша медияция қолдану мүмкіндігі ашылды.

Алайда, медияцияны қолдану мүмкіндігі әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған адамдарға жәбірленушімен, арыз иесімен, оның ішінде медияция тәртібімен татуласса және келтірген зиянын жуып-шайса ғана беріледі.

Бұл өзгеріс әдетте істері соттарда жиі қаралатын «отағасына» оңай соқпайды. Себебі, үй ішінде ойран салып үйренген «отағасына» бір жыл ішінде нақ сондай әрекеті үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылса медияция қолданылмайды. Оң өзгерістер отбасы құндылықтарының сақталуына, отбасы мүшелерінің немесе туыстардың бір-біріне деген жақсы қарым-қа

тынасының сақталуына, медияция арқылы татуластыққа келуіне дұрыс мүмкіндік бергені байқалады.

Бұл жалпы заң жеңілдеді деген сөз емес, заңмен әр қилы жағдайларға ерекше нақты мән беріліп, сол жасалған әрекетке қатысты жаза түрін қолдануға мүмкіндік жасалған.

Нақтырақ айтсақ, дауларды соттан тыс және сотқа дейін реттеу тәртібін кеңейту мақсатында Тараз қаласының жергілікті полиция және Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жамбыл облыстық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығымен ұшжақты ынтымақтастық туралы меморандум жасалып, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі нақтыланды.

Бұдан бөлек әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс тараптарын татуластыру ісінде «Билер кеңесінің» де атсалысып отырғанын баса айтуымыз керек.

Татуластыру рәсімдерін кең насихаттап, дамыту керек.

Д.МАДЕМАРОВ,
Тараз қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ОТБАСЫН САҚТАУ
МАҢЫЗДЫ

Кәмелеттік жасқа толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың мүлiктiк және басқа да талаптары болмаған жағдайдағы некенi бұзу мәселелерi Байзақ аудандық сотында өткен дөңгелек үстел барысында сөз болды. Сот төрағасы Ерғазы Тiлеубеков, аудан әкiмiнiң орынбасары Дәуiр Дәулетовтың, сондай-ақ АХАТ бөлiмiнiң өкiлдерi қатысқан басқосуда осы мәселеге қатысты көптеген өзектi жайлар талқыланды.

Сот төрағасы Ерғазы Тiлеубеков жиын барысындағы өз сөзiнде сотта кәмелетке толмаған балалары жоқ ерлi-зайыптылардың мүлiктiк және басқа да талаптары болмаған жағдайдағы некенiң бұзылуының өсуi байқалатынын, бұл некенi АХАТ бөлiмiнде бұзуға негiз болатынын айтты.

Іс-шара барысында сот төрағасы бiрқатар ұсыныстарды ортаға салды, ол ұсыныс барысында некенi бұзуды тiркеу туралы өтiнiштер түскен кезде тараптармен дұрыс жұмыс iстеу үшiн әрбiр өтiнiштi егжей-тегжейлi зерделеу қажеттiгiн айтты.



Сондай-ақ, сот төрағасы «Отбасылық сот» пилоттық жобасын дамыту үшiн жұбайлардың неке бұзуға әкеп соғатын себептерiн анықтап, оларды жою мақсатында iс-әрекеттер өткiзiп, алдағы уақытта ондай кiкiлжiндердiң алдын алу және оған жол бермеу бойынша пiкiрлерiмен бөлiстi. «Бастау» жұмыс тобына жұмыстарын жандандырды ұсынды. Отбасын сақтау және тараптарды татуластыру жөнiнде шараларды жандандыру қажеттiгiн айтты.

Кездесу соңында тараптар бiрлескен жұмысты жалғастырудың және ынтымақтастықты кеңейтудiң маңыздылығын атап өттi.

Өз тiлшiмiз

КИЕ

Тiлдiң тағдыры – елдiң тағдыры, ол тек мемлекеттiң саясатымен, мемлекеттiк мекеменiң iсiмен шешiлмейдi. Мемлекеттiк тiлдiң дамуы жолында қазақ халқының әр перзентiнiң атқаратын қызметi мен қосатын үлесi зор. Өйткенi, тiл мәселесi өте маңызды мәселе, бiрiншiден, тiл – өзiмiздi ұлт ретiнде сақтаудың қорғаны, екiншiден, барлық қазақстандықтарды бiрiктiрушi ортақ байлығымыз. Олай болса, мемлекеттiк тiлдi бiлу – әр жанұяның, әр ұжымның негiзгi мақсаты, бiз тiл арқылы ғана ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпаққа аманаттай аламыз.

Қазiргi таңдағы бiздiң мiндетiмiз – мемлекеттiк тiлдiң қоғамдағы беделiн нығайтып, қоғамымыздың жетекшi салаларындағы тiлдiк қолданысты арттыру. Бұл мәселенi шешу жолдары «Тiлдердi қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттiк бағдарламасында» айқын көрсетiлген. Бағдарламаны жүзеге асыру негiзгi төрт мiндеттен тұрады. Бiрiншiсi – мемлекеттiк тiлдi ұлт бiрлiгiнiң басты

ТІЛДІҢ ТАҒДЫРЫ –
ЕЛДІҢ ТАҒДЫРЫ

факторы ретiнде нығайту, екiншiсi – мемлекеттiк тiлдi кенiнен қолдауды көпшiлiкке тарту, үшiншiсi – дамыған тiл мәдениетi зиялы ұлттың басты күш-қуаты екенiн көрсету, сондай-ақ, соңғы мақсат – Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту. Қазiргi кезде Қазақстан дамудың сапалы жана деңгейiне көтерiлдi. Ашық демократиялық қоғам орнатып, әлемдiк кеңiстiкке кiру үстiнде. Қазақстанның даму жолы бүгiнгi күнi посткеңестiк елдердiң көпшiлiгiне үлгi-өнеге боларлық. Мұндай жетiстiктерге қол жеткiзуде көптеген даму стратегиялары белгiленiп, сол стратегияларды жүзеге асыруды басымдықтармен жiктеп, оның жүзеге асырылуын Елбасымыз қатаң қадағалап, жылама-жылғы халыққа жолдауында дүйiм жұртқа мәлiмдеп отыр. Сондықтан, басты нысананың бiрi – мемлекеттiк тiл мәртебесiндегi қазақ тiлiнiң, ұлттық тiлiмiздiң даму үрдiсiн

үдету, мерейiн асқақтату, толыққанды өз қызметiн атқара алатын, еркiн өмiр сүре алатын жанды, өшпес жүйе ретiнде орнықтыру.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Бiз қазығы берiк, мемлекеттiгi бекем, төрт құбыласы сай Қазақ елiнiң айбынын асырып, атағын әлемге әйгiледiк, бiз сияқты халқының саны аз, экономикасы даму үстiндегi елге технология ауадай қажет. Сонда ғана әлемнiң алып мемлекеттерi мен төңiрегiмiздегi елдер бiзбен санасады. Бұл орайда бiз – елiмiздiң тәуелсiздiгiн баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуiне жол ашу, оның тiлi мен мәдениетiнiң кең құлаш жаюына мүмкiндiк туғызуымыз қажет» – деп атап көрсеткенi әрқайсысымыздың күнделiктi жұмысымыздың асыл арқауына айналуы керек.

Мемлекеттiк тiл – бүкiл қазақстандықтардың тiлi. Сондықтан-да, «Мемлекеттiк тiлдiң проблемасы – тек қазақ

халқының ғана проблемасы» – деп қарауға болмайды. Әлемдегi барлық өркениеттi елдердегiдей мемлекеттiк басқару жүйесiнде қызмет iстейтiндердiң бәрi бұл тiлдi бiлуге мiндеттi. Онсыз ол мемлекеттiк тiл болып есептелмейдi. Конституциялық талап осы. Оған қоса мәдениетi жоғары адам басқа тiлдердi бiлуге өзi де ұмтылуға тиiстi. Басқа шетелдерде халқының тiлiн бiлмесең, лауазымды қызметке орналасуды былай қойғанда, тiптi күнiңдi де көре алмайсың. Республикамызда мемлекеттiк тiлдiң қолданылу аясын кеңейту – бүгiнгi таңдағы өзектi мәселе. Ал бұл iстiң шешуi шыдамдылық пен табандылықты талап етедi және тiлдi үйрету зорлықпен емес, шынайы ынтымен ыңғайланатын шаруа. Қазақ тiлiн бiлуге мiндеттеу ешкiмнiң құқығына қол салғандық болмайды. Мемлекеттiк тiлдi бiлу – кәсiби талап.

Облысымызда бүгiнгi күнi талапқа



сәйкес барлық мемлекеттiк органдар аппараттары мен құрылымдық бөлiмшелерiнде мемлекеттiк тiлде құжат дайындай алатын мамандар алынып, мемлекеттiк қызметшiлер аз көлемдi құжат, азаматтардан келген өтiнiштерге жауап, өндiрiстiк бұйрық, актiлер, хаттамалар сияқты шағын мәтiндердi мемлекеттiк тiлде дайындауда. Көптеген құжаттар мемлекеттiк және ресми тiлдерде жүргiзiлуде. Алайда, мемлекеттiк тiлде хат алмасудың сандық көрсеткiшi төмен болып отыр. Сондықтан да мемлекеттiк тiлдi бiлу – қажеттiлiк екенiн насихаттаудың маңызы зор.

Т.ТӘЖИЕВ,
Ақтөбе қалалық сотының кенсе бас маманы – сот мәжiлiсiнiң хатшысы

ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮДЫҢ
ШАРТТАРЫ

Әкімшілік іс жүргізу ең алдымен әкімшілік талап қоюдан басталады, яғни тапсырылған талап қоюдың негізінде судья іс жүргізуіне қабылдап, оны мәні бойынша қарайды. Сондықтан әкімшілік талап қоюды заңға сәйкес рәсімдеу маңызды рөл атқарады.

- Сотқа берілетін талап қоюлар:
- 1) дау айту туралы талап қою;
 - 2) мәжбүрлеу туралы талап қою;
 - 3) әрекет жасау туралы талап қою;
 - 4) тану туралы талап қою.

Талап қою сотқа жазбаша нысанда не талап қоюшының және (немесе) оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі.

Талап қоюға талап қоюшы немесе оған қол қоюға өкілеттігі болған жағдайда оның өкілі қол қояды. Егер талап қоюды өкіл берсе, онда өкілдің аты, оның пошталық мекенжайы, сондай-ақ, егер ондайлар бар болса, телефондарының нөмірлері, электрондық поштасының мекенжайы көрсетіледі.

Әкімшілік істер әкімшілік актінің шығарылған орны бойынша немесе жауапкердің орналасқан жері бойынша қаралуға жатады.

Әкімшілік талап қою соттың кеңсесіне тапсырылғаннан кейін кеңсе маманы талапты «Төрелік» АҚ-не тіркейді, ол туралы әкімшілік талап қою тапсырған тұлғаға талон беріледі. Тіркелген әкімшілік талап қоюдың әрі қарай деректері толтырылады, яғни әкімшілік талап арыздың электронды немесе қолма-қол түсуі, іс жүргізу түрі, том саны, әкімшілік талап арыздың сипаты, келіп түсу тәртібі, өтініш берген кім, берілген талаптың қысқаша мәні, істің санаты, істің санатына қосымша және сот ісін жүргізу тілі туралы мәліметтер енгізіледі. Барлық деректер толығымен жазылғаннан кейін талап қою істерді автоматты бөлу жүйесімен судьяларға қарау үшін жолданады.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес, талап қою сотқа түскен күннен бастап соттың іс жүргізуіне қабылданды деп саналады. Келіп түскен әкімшілік іс бойынша соттың іс бойынша әрекеті жүргізіледі, яғни алдын ала тыңдау тағайындалады. Судья соттың белсенді рөлі қағидатын негізге ала отырып, талап қоюшыға талабын нақтылау ұсынылады, тараптардан қосымша дәлелдемелерді сотқа тапсыруды талап етеді, сондай-ақ,

тараптарға татуласу мүмкіндіктерін, істі жазбаша іс жүргізу тәртібімен қарау мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Талапты беруге арналған мерзімдерге тоқталсақ:

Дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы талап қоюлар шағымды қарайтын органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі.

Әрекет жасау туралы талап қою адамға әрекеттің жасалғаны туралы мәлім болған күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі. Тану туралы талап қою сотқа тиісті құқықтық қатынас туындаған кезден бастап бес жыл ішінде беріледі.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі.

ҒАРТЫҚҚЫЗЫ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсе менгерушісі

ҚҰРМЕТ

ЖАНЫҢДА ЖҰР ЖАҚСЫ АДАМ

Жүрсін ақынның «Әйелмен құнын өлше-нер, Құдайдан кейін – сол шебер» деген сөзі дәп айтылған сөз. Әлемнің әдемілігі әйел арқылы танылады десек, сондай нәзік, жаны сұлулыққа құштар әйелдердің бірі – Батима Нұрова.

Батима Әбішқызы атақты Баянауылда туған. Қазақ жерінің мақтан етер жақұттарының бірі – Баянауылда туып өнерге құштар болмау мүмкін емес шығар. Батима да кішкентайынан ән десе елеңдеп өсті. Оның жүрек түбіне тұнған бір арманы – әншілік болса да, ол өмір-өзеннің ағысымен Павлодар қаласындағы құрылыс техникумын бітірді. Осы салада он үш жыл еңбек етті. Ерінбей еткен еңбегінің арқасында абыройдан кенде болған жоқ.

1980 жылдың 16 сәуірінде Алматы қалалық Ішкі істер басқармасына қарасты Мемлекеттік нысандар мен мекемелерді күзету жөніндегі полкке қызметке қабылданған Батима Әбішқызы күзет саласында 15 жыл абыройлы қызмет етті. Осы қызметте жүріп Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Грамотасымен марапатталды. Сол кезде зор дәреже саналатын мұндай құрмет оған көктен түсе қалған жоқ.

1987 жылы 10 қазан сағат 09-30 шамасын-да милиция сержанты Б.Нұроваға шабуыл жасалып, жаракат алғаны жайлы хабарлама келіп түседі. Жұмыс күні енді басталып жатқан-да Ж.Қуантаев деген азамат келіп Б.Нурова күзетте кезекшілікте тұрған мекемеге кірмекші болады, аса маңызды мемлекеттік мекемеге кіруге рұқсаты болмағандықтан бекет кезекшісі қызметтік өткелден кіргізбеген. Сол арада ашуга булыққан Ж.Қуантаев туристік балтамен кезек-шіні ұрып, ішке еңбекші еді, алған жарاقاتына қарамай Батима Әбішқызы жанталасып қарсы-ласып бақты. Мекеме қызметкерлері де тез арада көмекке келіп, қаскөйді қарусыздандырды.

Өмір мен өлім арпалысқан сол бір қанды оқиғада ерлік танытқаны үшін берілген марап-ттың Батима үшін орны әлі күнге дейін бөлек.

Батима Әбішқызы еңбек еткен жылдарында



бірде-бір ескерту алып көрмепті. Бар өмірін еңбекке арнаған адам үшін еңбегінің бағаланғаны да зор бақыт. Ол бұл жағынан да ешқашан елеусіз қалған емес. Оның жиырмаға жуық медаль мен грамоталарының ішінен «Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері», «Қазақстан полициясына 20 жыл», «Қазақстан Респуб-ликасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Ішкі істер органындағы үздік қызметі үшін» сияқты мара-паттарының шоқтығы биік.

Әйел үшін отбасының бақытынан асқан бақыт жоқ. Бұл орайда Батима Әбішқызы бар-лық өмірін жалғыз баласына арнаған ардақты ана. Небәрі жиырма бес жасында жанындағы арқа сүйер азаматынан айырылып, кішкентай сәбиімен қалғанда тағдырдың сынағына қалай-да сынып кетпеуді ойлады. Тұмысынан бойына дарыған табандылығы мен қайсарлығының арқасында бәрін де жеңді. Жалғыз ұлын еш-темеден тарықтырмай, азамат етіп өсіру үшін аянбай еңбек етті. Бүкіл жастық шағын баласы-

на арнады. Бүгінде Батиманың еңбегі ақталып, ұлы Эдуард төрт тілді меңгерген білікті зангер. Бір отбасының темірқазықтай тірегі және ана-сының қамқоры. Батима қазір тілдері балдай, өздері жаздай немерелерінің сүйікті әжесі.

«Мен өзімді бақытты ана, бақытты әжемін деп есептеймін. Баламның арқасында әлемнің талай елінде болдым, жер көрдім. Өмірдегі ең сүйікті ісім – саяхаттау болса, сол арманымды балам орындап жүр. Қолым қалт еткен сәтте шетелді аралап кетемін. Сонымен бірге өмірден өз мамандығымды адаспай тапқан адаммын. Өзім алғаш қызметке қабылданған Алматы қалалық ІІБ Мемлекеттік нысандар мен меке-мелерді күзету жөніндегі полк құрылымдық өзгеріске ұшыраған кезде Көліктегі ішкі істер басқармасына ауысып келіп, осы жерден құр-метті еңбек демалысына шықтым. Бірақ, зей-нетке шықтым деп қолымды қусырып бір күн де отырған емеспін» – дейді Батима Әбішқызы.

Иә, шаруасыз отыру оның табиғатына жат. Зейнетке шыққаннан кейін Алматы-І стан-циясындағы Ішкі істер желілік басқармасы Ардагерлер кеңесінің сан-салалы жұмысына араласты. Сырттан қарасаныз жайбарақат көрі-нетін Ардагерлер кеңесінің жұмысына үңілсеңіз қайнап жатқан шаруа. Әрбір ардагерді назардан тыс қалдырмауға тырысатын Б.Нұрова қашан көрсеңіз де қызу жұмыстың ортасынан табы-лады. Ардагерлердің мерейтойларын атап өту, әр мереке сайын сыйлықтар әзірлеу, жағдайы жоқтарға көмек беру, қайтыс болғандардың жер-леуін ұйымдастыру сияқты қым-қуат шаруаны атқарудан шаршамайтын Батима апайымыздың еңбегіне табыс пен мерекенің мерейін тілейміз.

Бүгінде Батима Әбішқызы Қазақстан Ре-спубликасы Ішкі істер министрлігі Көліктегі полиция департаменті Оңтүстік-Шығыс аймағы бойынша Ардагерлер кеңесінің тәрайымы қыз-метінде өскелең ұрпақты ізгілікке тәрбиелеуде үлгі-өнеге көрсетіп келеді.

Алматы 1 ст. ЖПБ

ӨРТУРА

10. БСН 190741000087 «Қазақстан химия өнеркәсібі одағы «ЗТБ Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы туралы ереженің түпнұсқасы жоғалды 05.11.2021 ж. бастап жарамсыз деп саналсын.

13. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық эконо-микалық сотының (МАЭС) 09.11.2021 жылғы нұсқамасымен (МАЭС), мекенжайы: Алматы қаласы, Эль-Фараби даңғылы 140 А, БСН 100340004945, «Итальянская вилла» ұйымының банкроттығы туралы іс қозғалды.

12. «Airba Finance» МҚҰ» ЖШС, БСН 210440015967, қарыз алушыларды атауының «Airba Pay» МҚҰ» ЖШС-дан «Airba Finance» МҚҰ» ЖШС-ға өзгертілгені туралы хабардар етеді.

15. Қызылорда қаласы МАЭС-ның 2021 жылдың 28 қазандағы ұйғарымымен «ПФ Энергопромсервис» ұйымын, БСН 010640001229, оңалту бойынша іс қозғалды. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Н.Сыздықов көшесі, 58 б.

16. «Аршалы ауданының құрылыс бөлімі» ММ, БСН 060140010115 Аршалы ауданының сәулет және құрылыс бөліміне ММ-не БСН 060140009909 қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды.Наразылықтар хабарландыру жарық көргеннен бастап екі ай ішінде: Ақмола облысы, Аршалы ауданы Аршалы кенті Зашенов көшесі, 15 үй мекенжайы бойынша қабылданады.

17. «Трубокомплект» ЖШС, БСН 040840002854, өзінің «Техническое предприятие «Синтез» ЖШС-не, БСН 970940003423, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны және оның барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша толық құқықтық мирасқоры болатыны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Орлықөл көшесі, 12 ғимарат. Тел.: 8(7172)738585.

18.Орал қаласы, Циолковский көшесі, 10/1 үй, 91 пәтер мекенжайында тұратын Толдосейчук Татьяна Николаевнаның Орал қаласы, Циолковский көшесі, 10/1 үй, 91 пәтер (тел.: 87769311985) мекенжайында тұрған, үйден 2010 жылы кетіп қалған, 12.06.1972 жылы туған азаматша Михайлова (Ларина) Марина Николаевнаны қайтыс болды деп тану туралы арызы бойынша БҚО, Орал қаласының №2 сотының судьясы Г.А. Арыстанбекованың ұйғарымымен іс қозғалды. Азаматша Михайлова (Ларина) Марина Николаевнаның жүрген жері туралы мәлімет білетін жандардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім ішінде хабарласулары сұралады. Тел.: 87769311985.

20. «Бұланды ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ, БСН 060140007942, «Бұланды ауданының дене шынықтыру

және спорт бөліміне» ММ-не БСН 060140012919, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарық көргеннен бастап екі айдың ішінде: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы Некрасова көшесі, 19 үй мекенжайы бойынша қабылданады.

ТАРАТУ

4. «Ассоциация инжиниринговых компаний» занды тұлғалар бірлестігі, БСН 210640034871, өзінің таратылатыны туралы хабар-лайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 60А үй, 1, 7 корпус, пошта индексі 010000.

5. Жамбыл облысы,Талас ауданы,Қаратау қаласы,Төле би көшесі,49 үйде орналасқан Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «2 Қаратау колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіп-орны (КМҚК)(БСН 080240020273,тіркеу нөмірі 10-1919-10-МК) оңтайландырып өз қызметін тоқтатады. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Талас ауданы,Қаратау қаласы,Төле би көшесі,49.

6. «Sembol Building» (Сембол Билдинг) ЖШС, БСН 130640006125, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Тұран даңғылы, 37/9, н.п.9.

14. «Асылхан Транс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымы, БСН 201040027749, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жемісті ауылдық округі, Жемісті ауылы, Абай көшесі, 2 үй. Тел.87785898888.

19. «Jidek2020» ЖШС, БСН 200240002460, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Ұмтыл селолық округі, Алмалыбақ ауылы, Сартай батыр көшесі, 10 үй, индекс 040909. Тел.: 87028970797.

21. «Сервис Уютный Дом» өндірістік кооперативі, БСН 200840026856, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 6/3 үй, 78 пәтер, индекс 010000. Тел.: 87019481509.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай кө-шесі, 78, 105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай кө-шесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Пе-тропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Де-партаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос-танай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,е-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),дирек-торы Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі,47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА
«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ 2021 жылғы 30 қарашада Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 11.00-де мемлекеттік мүлік тізілімі веб-портальның аукцион залында (Интернет желісінде мына мекенжай бойынша орналасқан интернет-ресур: www.gostestr.kz) Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Бөкенбай батыр көшесі, 44 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан «Әлия Молдағұлова халықаралық әуесқай» акционерлік қоғамының 100% акциясын кейіннен сатып алу құқығымен (үш) жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендер өткізілді.
Бастапқы бағасы: 7 320 004 000,0 (жеті миллиард үш жүз жиырма миллион төрт мың теңге нөл тиын) теңге;
Кепілдік жарнасы: 1 098 000 600,0 (бір миллиард тоқсан сегіз миллион алты жүз теңге нөл тиын) теңге;
Жалғыз қатысушыға сатуға жол берілмейді.
Тендер өткізу шарттары:
Сенімгерлік басқару мерзімі – 3 (үш) жыл;
Объект қызметінің бейінін сақтау;
Сенімгерлік басқару мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне сәйкес индекстеуді ескере отырып, объектінің нарықтық құнын төлеу үшін 3 жылға дейінгі мерзімге бөліп-бөліп төлеуге жол беріледі;
Сенімгерлік басқару кезеңінде Директорлар кеңесінің құрамына құрылтайшының кемінде екі өкілінің міндетті түрде қатысуы;
Сенімгерлік басқару кезеңінде сенімгерлік басқарушы Басқарма төрағасын тағайындауды, сондай-ақ, қызметінен босатуды құрылтайшымен келісуге тиіс;
Сенімгерлік басқару кезеңінде мемлекетке тиесілі акцияларды кепілге беруге жол берілмейді;
Сенімгерлікпен басқарушыға мемлекеттің мынадай мәселелерді шешуге байланысты құқықтары берілмейді:
1) акционерлік қоғамның жарғысын өзгерту туралы;
2) акционерлік қоғамның жарғалық капиталының мөлшерін өзгерту (ұлғайту немесе азайту) туралы;
3) акционерлік қоғамды тарату, оларды қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ, олардың атауын өзгерту туралы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 130 қаулысымен айқындалған тәртіптен сенімгерлік басқарушының өзіне осы Шартпен сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік мүлікке байланысты қаржылық қызметі туралы есепті ұяну;
Жұмыс істеп тұрған персоналдың салық құрамын кемінде 80% сақтау;
Қоғамның мүлкін тиісті түрде ұстау және қажеттілігіне қарай сенімгерлік басқарудан және өз қаражатынан алынған кірістер есебінен ақылдағы және күрделі жөндеу жүргізу;
Объектінің сенімгерлік басқаруға беру кезінде туындайтын салық міндеттемелерін және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді уақытылы орындау;

Құрылтайшыға растайтын құжаттарды ұсына отырып, сенімгерлік басқару шарты тіркелгеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде сенімгерлік басқару мерзімі кезеңінде мүлкіні сақтандыру;
Сенімгерлік басқару кезеңінде әуесқайдың ұлу-қону жылқыны жүргізіп жөндеу жүргізу;
Сенімгерлікпен басқарушының мүлкіті сенімгерлікпен басқару кезінде жүргізілген қажетті шығыстарын өтеу сенім білдірілген мүлкіті пайдаланудан түскен кірістер есебінен жүзеге асырылады;
Сенімгерлік басқару кезеңінде сенімгерлік басқарушы акционерлік қоғамның таза табысының бір бөлігін «Мемлекеттік мүлік туралы» заңның 186-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган пайыздық арақатынаста белгілеген мөлшерде дивидендтер (кіріс) төлеуге жіберуді қамтамасыз етеді;
Қоғам объектілерінің қауіпсіз, апатсыз және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
Қаржы жылының қорытындысы бойынша кредиторлық берешектің негізсіз пайда болуына жол бермеу;

Әуеайлақтың жарамдылық сертификатын қолдау және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сертификаттау талаптарын қамтамасыз ету;
Жаңа коммерциялық рейстерді тарту;
Цифрлық технологияларды енгізу;
Авиация персоналының біліктілігін арттыру, оқыту, қайта даярлау.

Объект үшін ең жоғары баға ұсынған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Объектінің кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендерге немесе жабайк тендерге қатысушылар ұсынған бағалар сәйкес (тең) болған жағдайда өтінімді барын тіркеген қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Тендерге қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күнінен бастап жүргізіледі және тендер басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Тендерге қатысу үшін қатысушы веб-портальында тізілімінде алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын және әжесінің атын (болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшылығын, тегін, атын және әжесінің атын (болған жағдайда);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктің есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайынан, телефонын, e-mail) көрсете отырып, тізілімнің веб-портальында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-портальына енгізілген деректерді өзгертпеді.

Тендерге немесе жабайк тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін тізілімнің веб-портальында қатысушының ЭЦҚ қол қойылған өтінімді тіркеу қажет.

Көпшілік жарналар мемлекеттік мүлкіті есепке алу саласындағы бірінші ағ оператордың шотына төленеді: Кепілді жарнаны алушы – «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ, БСН 050540004455, «Қазақстан Халық банк» АҚ, ЖСК КЗ294601711000000330, БСК HSBKZZKX КЫБ 16, КНП 171; төлемнің белгіленуі – тендерге қатысу үшін кепілді жарна (банк қызметтері үшін төлемдер кепілді жарнаның мөлшеріне кірмейді).

Қосымша апаратты мына телефон арқылы 8(7132/54-35-92 немесе Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы 40, 412 кенесіге жолығып білуге болады.

МҰРАГЕРЛІК

7. 28.10.2020 ж. қайтыс болған Спанкулов Жарылқасын Адамбекович-тің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Шымкент қ., 16 мөлтек ауданы, 40 үй, 18 пәтер мекенжайы бойынша, нотариус Бимендиева Анеля Ерлановнаға жолығуы керек.Тел.:87017528992

8. 25.06.2021 ж., қайтыс болған Пазылбекова Гулмира Жаныкуловнаның артынан мұрагерлік іс ашылды.Мұрагерлер Түркістан қаласының нотариусы Е.Е.Байсбаева хабарласу керек:Түркістан қ.,1 мөлтек ауданы, С.Ерубаев к.,12 үй, 26 пәтер. Тел.87017314766.

9. Осы жылдың 19 маусымында қайтыс болған Титекенов Серик Жаиковичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін, мұрагерлер Атырау қаласы, Авангард 3 ықш.ауд., 75 үй, 5 кеңсе, нотариус А.А.Амандыковаға хабарласулары керек.

ҚҰЛАҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 708 929 9874

Өмір болған соң қуаныш пен қайғының қатар жүруі – ақиқат. Асқартау әкеден айырылу кімге де болса оңай соқпасы анық. Артында ізін жалғастырап, бүгінде бір атаның ғана емес, бір қауым елдің баласы бола білген азамат ұлы, көпшілікке белгілі бауыры бар жанды өлді деуге болмас, сірә!
Осы орайда, Алматы аудандық сотының төрағасы Ешеев Ардак Болатханұлының әжесі, Нұрсұлтан қалалық сотының төрағасы Бөрлібаев Тілектес Ешейұлына ағасы ЕШЕЕВ Болатхан Ешейұлының дүниеден озуына орай, қайлырына ортақтасып Алматы қалалық соты, Соттар әкімшісі және Алматы қаласы бойынша Судьялар одағы филиалының қызметкерлері көңіл айтады.
Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Алла алдынан жарылқасын. Иманы саламат, жаны жәннаттық болғай!

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппарат қызметкерлері Нұр-Сұлтан қалалық сотының төрағасы Тілектес Ешейұлы Бөрлібаевқа ағасы

Болатхан ЕШЕЕВТІҢ

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Нұр-Сұлтан қаласы сотының ұжымы мен «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы Нұр-Сұлтан қаласы сотының төрағасы Тілектес Ешейұлы Бөрлібаевтың туған бауыры

Болатхан ЕШЕЙҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты, орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

ЖК «KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы,Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail:

БАЙҚАУҒА!

Аспан ашылар-ашылмасын білмей, дағдарып тұрғандай. Айнала бозғылттанған ала-геуімнен себелеп жауған жаңбыр таң құлианектене бастағанда одан әрі үдей түскен-ді. Кенет біреу аспанға ілінген алып құманның шүмегін еппен бұрап жауып жатқандай жаңбырдың қарқыны бірте-бірте әлсіреп, соңында тіпті, сір-кіреп барып басылды.

Темекісін су толған көлшікке қарай шиіріп жіберген қой көзді, ұйысқан бұйра шашты, орта жастағы инспектор Санжар Қабидолдин ішке кірді. Мұндай көрініске әбден көзі үйренгеннен болар ұзыннан сұлап жатқан егде кісінің денесіне самарқау қарап біраз тұрды.

– Журналшыларға пәлендей ақпарат айтпай тұра тұр, – деді ол көмекшісіне сыбырай сөйлеп.

– Олар қазірдің өзінде жазып жатыр... Көмекшілікке жақында ғана тағайындалған Сәтбек басшысына үрке қарады.

– Не дейді сонда?
– Сол баяғы... Жандикті басты күдікті деп жазады...

– Солар бізден де жылдам, бізден де кәсіби, ә?

«Соны айтам» дегендей Сәтбектің тыжырынған жүзінде дарбазаға ентелеп тұрған журналшыларды анық жақтырмау бар.

Тілшілердің Жандикті күдікті қыларлық жөні де бар. Бүгін елең-алаңда мерт болған Сағижан Тайыров деген азаматтың тірі кезінде жауласып өткен жалғыз бақталасы дәл өзіндей ауқатты бай Жандик еді. Екеуі былай да, ел алдында да басараздығын айтып, бір-бірін ашық айыптап жүретін. Тіпті, Жандиктің адамдары Сағижанның ізін кесіп, соңғы уақытта жатқан-тұрғанын бақылауға көшкен-ді. Міне, ондай адамнан күдіктенбеу де күнә болар. Бірақ қай істі де тереннен зерделеуге үйренген инспектор Қабидолдиннің күдігі басқа тарапты кезген. Басқа болғанда осы сарай қызметшісін айналсоқтаған.


Сағижанның бизнесі дөңгелеп, оған қатысты дүрбелең туа бастағаннан мұндай дау-шырғалаңның түбі жақсылыққа апармасын сезген де, түбі өміріме тірек боларлық, биік мансапка жол ашарлық ісім болар-ау деп топшылаған. Міне, бүгін бизнесменнің ойда-жоқта ажал құшуы оны өз мақсатына тағы бір қадам жақындата түсті. Іштей қуанса да, онысын сыртқа сездірмей, өзін салқынқанды ұстайды. Әрі мұндай қылмысты жедел ашып тастау да онайға соқпайды. Кейбір күдікті тамыр-таныстықты пайдаланып ұстатпай кетеді, кейде жорамалың қисынын таппай, бос арамтер боласын. Іштей қуанары – мұның тәжірибесінде ондай шалағайлық болған емес. Өңшең ойлағаны расқа айналатын да отыратын. Бұл жолы да нысанадан мүлт кетпейі тиіс. Әзірге жіптің бір ұшы саусаққа ілігіп тұрған сияқты. Енді соны еппен тарту абзал.

Мәйіт ұзыннан сұлап түскен күйі жатыр екен. Басы аздап оңға қисайған. Пышақ оң жақ қарына, кеудесіне, сол жақ санына аямай сілтенген. Соққылардың ауырлығы сонша бейшара жедел жәрдем келгенге дейін-ақ шыбын жаны шығып кеткенге ұқсайды. Кеше ғана ақ дегені алғыс боп тұрған дөкейдің бет-жүзіне жақындап қарады. Өлген соң бәрібір ме, әлде мынау өмірге шынымен хош-риза ма, әйтеуір байдың бетінен ешбір қиналыс белгісі байқалмайды. Өлсең де сыр бермей жатырсың-ау ә деп қойды ішінен. Сосын еңкейіп еденде жатқан хат пішінді бүктеулі қағазды қолына алды.

Онда «сені біздің обалымыз жібермейді! О дүниеде жауап берерсің!» деп жазылған екен.

Барынша көркем әдіптелген жазу инспектордың күдіктіге деген күмәнін одан әрі айқындай түсті. Ол да дәл осылай тісін бажар, ебін тапса екі бүктегісі келіп жүрмеуші ме еді. Енді не тұрыс? «Тіпті жазу мәнері де соның жазуынан аумайды!» деп тағы бір ойлап қойды.

Басын көтеріп айналасына қарады. Терезе ашық тұр. Жактаудан кемі 41-42 өлшемді аяқ киімінің алға, сосын артқа басылған ізі байқалады. Демек, қылмыскер бақ жактан кірген. Сол ізімен



қайта кеткен. Қылмыс болған кезде дауысы шығып тұратын желдеткіш қосұлы болыпты. Оны әлгінде ғана кеткен фельдшер де растаған. Ас үй теледидары сірә, қылмыстан кейін өшірілген. Бөлме ішінде басқа айғақ боларлық ештеңе жоқ. Қылмыскер пышақты өзімен бірге алып кеткен. Не суға лақтырды, не құмға көмді, әйтеуір көзін құртты. Асүйде жоқ болғанымен, үйдің айналасы мен холл, кіре беріс бөлмелерге түгел камера қойылған. Әлбетте, қылмыскер оның бәрін өшіріп тастаған шығар деп ойлаған еді бағана осында келе жатып. Дәл солай істепті де. Пышақ жоқ, камера өшіріліп, енді қылмысты басқалай әдіспен ашпаса болмайды. Қылмыс дегеніннің өзі сонымен қызық. Айғақтар аясының тарыла түсуі инспектордың аранын ашып, тәбетін тіпті құтыртып жіберуші еді. Дәл солай таңдайына қан дәмі келіп, бүркіттей шүйіле түсті.

– Теледидарды қоса аламыз ба? – деді айналасын асығыс шолып болған соң.

– Иә, – деп елп ете түсті Нұрлыбек, ол өзі осында шаруашылықпен айналысатын.

– Қоса қойшы, – деді инспектор пулытті өзіне алмай.

Музыка арнасы қосылып тұр екен. – Дауыс тегігін бір рет қана басқайсың, – деді қос қолын айқастыра артына ұстаған қалпы экранға телміріп. Дауыс деңгейі 28-30 болып тұр екен.

Мұнысы да түсінікті болды деп ойлады. Желдеткіш пен теледидар беркерге аңырап тұрмаған әлбетте. Бұл да із жасырудың тікелей болмаса да, жанама амалы. Тым құрығанда зәулім үйдің қуыс-қуысына қылмыс дауысын естіртпей тұрады.

– Ал енді әңгімелесейік, – деді есік аузында үрпісіп тұрған төртеуге бұрылып, – келіңіздер, ішке кіріңіздер, – деп қолымен бұлғап шақырды.

Асүй деген аты болмаса, есік пен төрдің арасы конференция өткізіп жіберуге болатындай-ақ кеңшілікте салыныпты. Инспектордың күдіктеніп тұрған адамы да әлгінде теледидар қосқан Нұрлыбек деген жас жігіт еді. Қожайынына жасаған бұрынғы қылықтарын да жақсы білетін. Енді мынауы тіпті, бұлтартпастай болып тұр. Сонысына қарамай өзі тым қатты қорықпайтын секілді ме, қалай... Бұрын да құтқарып жібердің ғой, осы жолы да жымын білдірмейтін шығарсың деп қарайтындай. Ал Санжардың енді кімді болса да құтқаруға ықыласы жоқ. Түбегейлі. Бұл өзі тағдыршешті іс болғалы тұр, не өсесің, өскенде де ту биікке заулайсың, не біржола осы инспектор қалпында қаласың. Ондай жолайықта тұрған адамның жанашырлыққа жол бере қоюы екіталай. Әрі шын қылмыскерді кешіре салудың өзі де қылмыс. Бұрын кешірсе, онда адам өлімі бола қойған жоқ. Үлкен өлшеммен алғанда майда-шүйде еді.

– Сенен бастайық, – деді Нұрлыбекке жақындап, – түнде, таңға жуық қайда болдың? Айтып берші, қане?

– Жолдас инспектор, мырзаның

өліп жатқанын көргенде төбемнен жай түскендей анырадым да қалдым. Кешке кешкілік қана жүзбе-жүз сөйлестік. Ол аңшылықтан келді де, мылтықтарын тапсырды. Мен оны әдеттегідей қоймаға апарып қойдым. Шамалы әңгімелестік.

– Не туралы айттыңдар?

– Әшейінде тек тапсырма беретін, не жұмыс жайында ғана сөйлейтін, бұл жолы өмір туралы, аманат жайлы айтты. Өзім де таңғалдым. Мен ойлағандай емес, мейірімді кісі екен ғой деп таң-тамаша боп, ішім жылып қалды.

– Сіз сонда қандай деп ойлаушы едіңіз?

– Енді...

– Оңбаған, мейірімсіз, кедейлердің нанын тартып алғыш деп пе?

– Жо-жок, о не дегеніңіз мырза?

– Таң алдында ұйықтап жаттыңыз ба? – Әлбетте, солай. Күні бойғы сапырылыстан қажып қалыпын.

– Күндіз не сапырылыс болып еді?

Инспектор Нұрлыбектен көзін айырып, енді қалған үшеуіне де бір-бір қарап өтті. Нұрлыбек өзінен бір адым кейін тұрған үшеуге бір қайырылып алды да, тағы да күмілжіп сөйлеп кетті:

– Сапырылыс болғанда... сол кәдімгі бақша суару, көлік жөндеу, оны-мұны тірлік...

– Жарайды делік... сонда төменгі қабаттан айғай-шу естімедіңіз бе?

– Естідім, бір оянып кеткенімде саңқылдап ән айтылып жатыр екен. Әрине, үйде ешкім мұндай уақытта ән тындамайды. Тыңдаса да есігін жауып алар еді. Сол қызығушылықпен төменге түсіп, асханаға кіргенімде міне, мына жағдайға куә болдым, – деп қолымен мәйітті нұсқады.

– Мырзаларыңыз сіздерді жұмысқа алғанда, демалысқа жібергенде өтініш жаздырушы ма еді? – деп үрпіскен үшеуге қарады. Олар кім жауап береді дегендей қарашықтары бір нүктеге байыз тауып тоқтай алмай аз тұрды да, алжапқышы сауыс-сауыс болған, қорыққаннан сусып түсіп қалғалы тұрған орамалына қарауға мұршасы келмей тұрған кексе әйел ептеп алға шықты да,

– Жаазз-ғыззз-атын, – деп үш бөліп әрең тіл қатты.

– Ал олары қайда сақталады? Инспектордың дауысы саңқ ете түсті. Әлгілер де қыбыр-қыбыр ете қалды.

– Жоғарыда, – деп сұқ саусағымен төбені нұсқап жауап берді әлгі әйел.

– Сәтбек, мынаны ертіп мырзаның кабинетіне бар да, төртеуінің жұмысқа кіру, демалыс алу туралы өтініштерін тауып әкелгейсің, – деп лезде дауысын жұмсартты. Сәтбек пен алжапқышы сауыс-сауыс болған кексе әйел төбеге кетті. Қалған екі қызметкер – жұмысқа жақында ғана тұрған өңірдей жас қыз Алина да, екіншісі – көлік жүргізуші, 28 жас шамасындағы Темір есімді бойдақ жігіт еді.

Нұрлыбекті ә дегеннен күдік нысанасына алатындай да жөні бар. Оны

ШЫТЫРМАН

Сағижанның қарамағына жұмысқа кіргізген өзі еді. Иә, инспектордың өзі. Алыс жамағайын, ауылдас туыс боп келуші еді. Бизнесменмен жиі жолығысып, сөзі жарасатын заманда жұмысқа алдыртқан. Бірақ інішегі аса бір тәубешіл адам болмай шықты.

Мырзаның ұлы Сәйдік, ұл деген аты болмаса, әкесіне ат ізін сала бермейді. Әйелі ертеректе өлген. Жас тоқалы бар деп естуші еді. Онысын бұл үйге келгелі көрмеді әлі. Соған қарағанда басқа қалада сияқты. Ал мырза дегеніңіз құдайдың құтты күні іссапарда жүреді. Жоқтаушысы жоққа тән, мұрагерлігін «тартып алу» да күнә болмас деп түйген-ді.

Әуелде қожайынын ұлап өлтірмекші болды. Қылмыс жеткілікті деңгейде дәлелденбей, аман қалды. Кейін бетін тұмшалап, оқ атып маскара бола жаздады. Әккі инспектор соңғы істі жанашырлықпен емес, мақсатты түрде жапты.

Көпе-көрнеу, бірақ аса кәсіби кейіппен қорғаштады. Сол үшін Сағижаннан сөз де естіді. Жандик екеуінің де жауласа бастайтыны осы тұс. Көп өтпей не Жандик, не Сағижан, екінің бірінің жаны жай табар деп іштей топшылады. Сөйтті де Нұрлыбекті аман қалдырды. Оның бұл үйде қызметші болып жүре бергені жөн еді. Ерген мырзаға әлдеқалай қастандық жасала қалса, сосын оның із-дерегі табылмай жатса, Нұрлыбектің мойнына іліп жібергенге оңай. Ал шындап келгенде Нұрлыбектің өзі тағы да бір мәрте талаптанып көруі де бек мүмкін ғой. Онда тіпті жақсы. Инспектордың ойынша, сірә, соңғы нұсқа жүзеге асып тынған сияқты...

– Көрдің бе, – деді айналадағы у-шу саябырсып, адамдар тараған кезде Сәтбекке қарап, – жазу мәнері аумайды!

Көмекшісінің алдына Нұрлыбектің жұмысқа кіру үшін жазған өтінішін тос-ты. Расында, мұндағы жазу мен бүгін ас үйден табылған хаттағы жазу мәнері бірдей-ақ. Осы кезде телефоны шылдырлады. Қазір іссапарда жүрген мырзаның ұлы Сәйдік екен. Ол да әкесіне тартып үйіне сирек аялдайтын, дала кезген бизнесмен. Мына үйде мырза жалғыз тұрады.

– Анықтап жатырмыз, – деді инспектор шаршаған дауысқа салып, – таңнан бері үйді түгел тінтіген криминалистер саусақ ізін таппай кеткен, дегенмен жау алыстан келмеген сияқты, айналасы екі-үш күнде бір жағына шығып та қалармыз. Осы кезде ішке әлгіндегі кексе әйел кіріп келді де, бірдене айтпақ ниет байқатты. Инспектор мынаумен сөйлесші дегендей Сәтбекті әйелге қарай бағыттап, өзі теріс айналып, мырзаның баласымен әңгімелесіп кетті. Әңгімесін доғарып, холлға шыкса, Сәтбек сәл абыржыңқырап тұр екен. – Бұл жерде жалғыз күдікті Нұрлыбек емес, – деді жүзі түтігін.

– Кімді меңзеп тұрсың?
– Әлгі әйел, шұғыл жұмысым шықты деп сұранбақшы, мен жібермей қойдым, осындай алас-күлесте із жасыруды да ойлауы мүмкін ғой.

Екеуі холлдың бүкіл қабырғаны бүтіндей алып тұрған терезесінен аулаға көз салды. Сәтбектің сөзін дәлелдей түскісі келгендей орамалы біресе оң жағына, біресе сол жағына сыпырыла түсіп, аспаз әйел байыз таппай жүр екен.

– Тезірек тергейік! – деді Сәтбек алқынып, – өзім-ақ аузындағысын суырып аламын!

Әйелдің әлденеге алаңдап, мазасы қашып жүргенін аңғару үшін инспектор болудың да қажеті шамалы еді. Бірақ аяқасты болған өлімге абдырап, өзіне расымен күйе жағалып, қосақ арасында кетем бе деп те аласұрып жүруі, не шынымен әлдеқалай отбасылық бір шаруасы үшін де күйгелекпен жүрген болуы әбден мүмкін ғой. Инспектор осы ойларды санасында қатар жарыстырып барып көмекшісіне жауап қатты.

– Ешқайда жіберме! Бірақ менің

түйсігім алдамас. Енді тек тағы бірер құрамын тапсақ, істі толығымен жабамыз. Қалғандарды тергейміз, әлбетте. Тек куәгер ретінде.

Сөйтті де Нұрлыбектің бүкіл аяқ-киімін жинап алып, сараптамаға жіберетін болып шешті.

– Мен кеше күні бойы үйде болдым, – деді Алина инспектормен оңаша бөлмеде сөйлесу сәтінде. Ұзын шашын төбесіне түйген, қарасаң көзің тоймайтын, талдырмаш келген, қағаз бетіндей аппақ қыз. Бұрын-соңды бұл күйге түспеген, қызыл жағалыны тосырып, аздап қобалжып отырғаны анық байқалады. – Мұндағы міндетім – аспазға көмектесемін, әрі үйді тазалаймын.

– Кешеден бері үй айналасынан, ішінен күдікті ештеңе байқамадыңыз ба?

Алина мұның жүзіне көз тоқтатып бір қарап алды да, қобалжыған күйімен сөзін жалғады, ептеп жанарына жас үйіріліп те қалды, – байқадым, – деді дауысы дірілдеп, – кешкілік сыртқы есікті сүртіп, дезинфекциялап бола бергенде бақ жактан сыбдыр естілді. Әдетте көлік жүргізуші Темір мен Нұрлыбек бақ ішіндегі скамейкада карта ойнап, сыра ішіп отыратын. Солар шығар деп ойладым. Бірақ сыбдыр ұлғая берді де, көңілім аландай бастады. Не болса да барлап көрмекке бекіндім. Құдды ішке кіріп кетсем, артымнан кеп бас салардай, барып көрсем жүрегім жайланардай болып тұрды.

– Тездетіңіз, – деді инспектор орнынан лып етіп көтеріле кетіп, қыз иегіне саусағын тіреді. Қыз одан әрі тітіркеніп сала берді.

– Сосын, сосын... әлдебіреу бақ ішінен атып шықты да, бас салып қуды, жан-дәрменіммен қашып бердім, бірақ ол алыста, бақтың түкпірінен шықты, сондықтан үйге кіріп, есікті кілттеп үлгердім.

Осы уақытта көрші бөлмеде Сәтбек көлік жүргізуші Темірді сұрақтың астына ап жатқан.

– Иә, ара-тұра Нұрлыбек екеуіміз скамейкада карта ойнаймыз, бірақ кеше кездесе алмадық. Мені бастық құрылыс материалдарын алып келуге жұмсады да, үйге кеш оралдым. Рахима әпкейдің асын ішуге әрең шамам келді.

– Әлгі кексе әйел ғой?

– ...Иә... иә, Рахима апай деген сол кісі...

– Содан?

– Асымды ішіп бөлмеге кіріп енді жата бергенім сол, есік қағылды. Аса бір оқыс, жайсыз қағылды. Ашқанымда өң-сөзсіз Алина тұр екен. Бақ жактан сыбдыр естігенін, әлдекімнің бас салып қуып бергенін айтты. Нұрлыбек қоймада мылтықтарды оқтап, майлап, орап отыр екен. Ол өздерің бара беріндер, мынаны бітірейін деді. Алина екеуіміз сыртқа шыққанда әлгі сыбдыр тағы да естілді. Жақындап барғанымыз сол, тұтастай кара киінген екі адам шөп арасынан атып шықты. Қолдарында тапанша. Біз айғайлап Нұрлыбекті шақырдық та, алды-артымызға қарамай қаша жөнелдік. Нұрлыбек мылтығын сайлап шыққан кезде ешкім де таппай қалдық.

– Бұл әрекеттеріңіз камераға түскен болар?

– Солай болар, мырза.

– Қосшы, қәне.

Инспектор смартфонға мұқият үңілді. Әуелгі бетте Алинаның жан-дәрменімен қашқаны ауланың бас камерасына анық түсіп қалған екен. Бірақ оны қорыққан белгісіз біреу көрінбейді. Яғни, камера ауқымы бақтың шеткі түкпірін қамти алмаған. Ол жаққа бөлек камера да орнатылмаған. Екінші жазбада Алина мен Темірдің бір-біріне үрке қарап, баққа қарай келгені, сосын іле-шала қашқаны айқын түсіп қалған. Темірдің өзімен ала шыққан таяғы түкке жарамай, аузын әлдене деп жыбырлатып, екі қолын бұлғалақтата қашқаны көрінеді. Бұл жолғы камераға әлгі екі баскесер де ілінген. Орта жолға дейін қуыпты да, кері қайтыпты.

Абай АЙМАҒАМБЕТ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақанжан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамедиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №164 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31